




ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

БАТЫРЛАР ЖЫРЫ



І Т О М

Үшінші басылуы



ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ
Алматы — 1963

117717
117723
117731
117737

OL 57219.40 (1)

Ка 3
Б 27

Қазақ ССР ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты алдағы жылдарда «Батырлар жырының» бірнеше томын бастырып шығаруды жоспарлап отыр.

«Батырлар жырының» бірінші томында оқушы жұртшылыққа ертеден келе жатқан эпостық жырлар мен тұрмыс-салт жырларының ең белгілі дегендерін («Қобланды батыр», «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман — Шолпан») ұсынып отырмыз.

Ал осы кітаптың екінші томына «Ер Қосай», «Қарабек», «Дотан батыр», «Арқалық батыр», «Тэрехан», «Манашыұлы Тұяқбай», «Ақжонасұлы Ер Кеңес» жырлары кірді.

Редакциясын басқарған филология ғылымының кандидаттары:
М. К. Қаратаев, О. Ә. Нұрмағамбетова.

Құрастырғандар:
филология ғылымының кандидаттары — М. Г. Ғұмарова
мен Б. У. Уахатов.

ҚАЗАҚТЫҢ БАТЫРЛАР ЖЫРЫ ТУРАЛЫ

(Алғысөз)

Қазақтың ауыз әдебиеті материалының молдығы, мазмұндылығы және түр көркемділігі жағынан қай халықтың ауыз әдебиетінен де болса кем түспейді.

Фольклористика ғылымында танылған саналуан түрлердің қайсысы болсын қазақ ауыз әдебиетінен табылады: не әдемі ертегі, аңыздар; биікке қол созып, қиынға құлаш ұрған халықтың өршілдік ой-арманын мензейтін, шытырман оқиғалы, ғажайып-қияли әңгімелер, тіл дамыту, ой-өрісін кеңейту, логикалық ойлау мүмкіншілігін байыту тілегінен туған жаңылтпаш, жұмбақ, тәлім-тәрбиелік қызықты балалар ертегісі; өмірдің бұран жолдары мен сан қайшылықтарын бақылай келіп түйген афористік топшылау — мақал, мәтелдер; әралуан көңіл күйлерінің көлеңкесі — қара өлең, қайым өлеңдер; халық тұрмыс-салтының әрқилы жақтарын аңғартатын — жар-жар, айтыс, сынсу, қоштасу, беташар, бесік жырлары; өмір сабағы — жазылмаған хат, басылмаған кітап есебінде болған үлгілі терме, өнегелі толғаулар; халық санасының сәбилік дәуірінің нақтылы сәулесі — ескі дінмен байланысты туған: күн жайлау, жылан арбау, бақсы жырлары тағы басқалар.

Ауыз әдебиетінің бұл айтылған үлгілерімен қатар, халқымыздың басынан өткен белгілі-белгілі тарихи кезеңдердің сүрлеуі дерлік, әсіресе, эпос, лиро-эпостық поэмалар да көп және әралуан.

Жұртшылығымызға мәлім батырлар жырларында: бірнеше ғана эпизодтан құралған, батырдың бір ғана ерлігін көрсететін қысқа поэма-

лардың, әлденеше ерлік кимылдарды бір адамның басына жинақтап, оқиғаларын композициялық жағынан бір бүтін етіп шығарған ұзақ поэмалардың (Базар, Алпамыс, Қобыланды) және әңгіме бір батырдың ғана ерлігі емес көптеген батырлардың ерліктерін жалғастыра суреттейтін эпопеялық эпостардың болу фактысы қазақ ауыз әдебиетінің әрі бай, әрі эпостық жыры марқайған әдебиет екендігін аңғартады.

Бұлай болудың екі түрлі себебі бар: бірінші, өзінің даму жолдарында сан қайшылықтарды бастарынан кешіріп, ұзақ ғасырларда кездескен қиыншылықтарға мұқап қалмай, елдің өршілдік арманын дамыта берген, халқымыздың рухани күшінің беріктігі; екінші, жазу өнерінің қазақ халқына кеш туып, мәдениеттен кенже қалуы.

Жазуы, баспасы жоқ елдерде сөз өнері — негізгі құрал екендігі белгілі. Ондай елдің ауыз әдебиеті — саналуан сыпаттарды өз бойына сыйғызады. Халық өмірге көз қарасын да, жастарға тәлім-тәрбие беру мәселесін де, ел басынан өткен тарихи жайттарды да, діни наным, сенімдерін де сөз арқылы көпшілікке жеткізеді. Сондықтан, сөз өнерін дамыту, оның мазмұнымен қатар түр көркемдігіне ерекше көңіл бөлу, жәй машықтаудан туған нәрсе емес, өмір тілегінен туған нәрсе.

Әлеумет өмірінің әртүрлі керегіне жараған, ел мүддесі, жұрт тілегін үндейтін кара сөз, не өлең, жырларды жазып, тарату мүмкіншіліктері жоқ болғандықтан, әркім жадында сақтап, ойында қалдыруға мәжбүр болады. Демек, олардың мазмұнына лайық түрі де көркем болуы шарт. Сөз өнері неғұрлым мәнді, неғұрлым сұлу, көңілге қонымды, құлаққа жағымды болса, солғұрлым тез ойда қалып, тез жадында сақталады. Қазақтың ертегілерінен бастап, дау-шарларда сөйленетін кара сөздеріне шейін тақпақ болып келетіндігі, ұйқасы берік сақталмаса да, ырғағы берік сақталып, айтайын деген пікірдің образ арқылы берілетіндігі — ауызша шығарманың тез ойда қалу, біреуден біреудің тез ұғынып алу тілегінен туғаны талассыз.

Қазақ ауыз әдебиетінің байлығы және көркемдік, мазмұндылығы революциядан бұрынғы орыстың ірі ғалымдарының да назарын аударды. Атақты орыс ғалымы, тюрколог академик В. В. Радлов, шығыс елдерінің әйгілі зерттеушісі, ғалым Г. Н. Потанин тағы басқалар да қазақ фольклорын жоғары бағалады.

Академик В. В. Радлов өзінің «Образцы устной литературы тюркских племен» деп аталатын көп томды кітаптарының бесінші томының алғы сөзінде қазақ, қырғыз елдерінің ауыз әдебиетін зерттеу нәтижесінде төмендегідей қортындыға келеді:

«Қазақ, қырғыздар шешен болады. Олар түрік тектес басқа халық-

тардың қай-қайсысынан болсын сөзге шебер келеді. Олар өте жылдам сөйлейді. Сөйлеп тұрғанда кідіру, күрмелу дегенді білмейді. Сонымен қатар, олардың сөзі, ой-пікірі әрі анық, қисынды, әрі ретті, терең мағналы болып келеді. Көп уақытта қазақ, қырғыздың сөзі өлең, жыр тәрізді болып шығады: сөздері ырғақты, ұйқасты шығады.

Қазақ, қырғыз халқы шешен, өткір, көркем сөзді сүйеді. Поэзияны өте қадірлейді. Сондықтан да оларда халық поэзиясы мейлінше өркендеген. Қазақ, қырғыздың мақал, мәтелі болсын, жоқтау, қоштасуы болсын, айтыстары мен билік сөздері болсын — бәрі де өлең, жыр болып келеді. Қазақ, қырғызда суырып салма ақындар, жыраулар көп болады. Өлең, жыр айтып, шамалы жаттыққан ақын, жырау өз жанынан өлең шығарып, суырып салып айта береді...» — дейді.

Бұл айтылғандардың — бәрі де қазақ халқы ауыз әдебиетінің байлығын дәлелдейтін фактылар, ғылыми қортындылар десек, біздің бұл мақалада сөз еткелі отырғанымыз жалпы ауыз әдебиеті емес, соның мол саласының бірі — эпостық поэмалар.

Қазақша «Батырлар жыры» деп аталатын эпостық поэмалар, не эпос, ерте заманнан бері халық арасында ірге тепкен, көбінің қай ғасырда пайда болғаны белгісіз, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа беріліп, замандар бойы ауызша сақталынып, ақыры біздің дәуірімізге жетіп отыр.

Ауыз әдебиетін жинау, оны бастыру мәселесі XIX ғасырдың алғашқы жартысында қолға алынады. Бұл істі үлкен мәселе етіп көтеруші де және оған басшылық етіп, белсене қатысушылар да сол кездегі Россияның бұқарашыл бағыттағы ағартушылары, тюрколог ғалымдар, әдебиетшілер болды. Орталықтағы Россиялық география қоғамының бөлімшелері қазіргі Қазақстан топырағындағы кейбір қалаларда да құрылды. Россия география қоғамының арнаулы экспедициялары және ғалымдар қазақ даласына келіп ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Олар қазақ халқының шаруашылығы, қоғамның тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, жалпы мәдениеті жайлы көптеген материалдар жинаумен қатар, ауыз әдебиетінің әралуан үлгілерін де жинап, қағаз бетіне түсірді.

Халық аузындағы аса құнды мәдени мұраларды жинау ісінде айрықша көрнекті еңбек еткен ғалымдар: В. В. Радлов, И. Е. Березин, Г. Н. Потанин, Ш. Ш. Уәлиханов, Н. Ильминский, А. Е. Алектерев, Л. Н. Васильев тағы басқалар. Бұл ғалымдар қазақ ауыз әдебиетін тек жинап қана қоймай, жинаған материалдарын орыс және қазақ тілінде өз кездеріндегі газет-журналдарға бастырып, кейбіреулерін жеке кітапша етіп шығарды. Сүйтіп, қазақ ауыз әдебиетіне жұртшылықтың көні-

лін аударып, жалпы мәдениет қорына қосыларлық үлкен қазына екендігін танытты.

Алдарына қойған, негізгі нысаналары бай материалдарды жинау, бастыру, ғылыммен шұғылданушылардың сол материалдарға көңілін аударту болғандықтан, жұмыстың сол жағымен көп шұғылданды да, ауыз әдебиетін, оның ішінде эпостарды әр жағынан алып зерттеген еңбектер қалдыра алмады. Әйтсе де, қолдарындағы бар материалдарға сүйене отырып, қазақ ауыз әдебиеті туралы В. В. Радловтың, Ш. Ш. Уәлихановтың, Г. Н. Потаниннің аз да болса айтқан құнды пікірлері — күні бүгінге шейін өзінің тарихи бағаларын жойған жоқ. Кейінгі зерттеушілердің қайсысы болсын ол ғалымдарға бір тоқталмай өте алмайды.

Бұлардан кейінгі ауыз әдебиетін жинауға ат салысып, оның әлеуметтік сырын ашуда еңбек еткендер қазақ әдебиетінің классиктері И. Алтынсарин, Абай Құнанбаев және, әсіресе, көп еңбек сіңірген атақты фольклорист-ғалым Әбубәкір Диваев.

Өткен ғасырлардағы өз ыждағаттарымен қазақ ауыз әдебиетін жинап, бастырушылардың еңбектерін біз бағалаймыз да, құрметтейміз де. Алайда, қазақ ауыз әдебиетінің ұйымдасқан түрде көп жиналған және тереңірек зерттелген кезі біздің совет дәуірінде болды.

Қазақ Ғылым Академиясының тіл және әдебиет институты бірнеше жылдар бойы елге арнаулы экспедициялар шығарып, әлденеше томдық ауыз әдебиетінің материалдарын жаздырып алды; 1948 жылы тіл-әдебиет институты ғылыми қызметкерлерінің күшімен бір томдық ауыз әдебиетін зерттеу еңбектерін жарыққа шығарды, бірнеше эпостар жеке кітап боп бастырылды; қазақ эпостары жөніндегі газет-журналдарда басылған көптеген мақалаларды, ауыз әдебиетінен орта мектептерге арналған оқу құралдарын былай қойғанда, эпос — лироэпостар туралы кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалды.

Ауыз әдебиетін жинау, жазу, олардың әртүрлі варианттарының версияларына мұқияттықпен қараудың өзі оп-оңай жұмыс емес десек, сан материалды белгілі бір жүйеге салып зерттеу, олардың идеялық мазмұны мен көркемдік ерекшеліктерін тапжылтпай танып, марксистік көзқарастан дұрыс баға берушілік онан да қиынырақ. Бұл жолда қазақ зерттеушілерінің кате-кемшіліктері де болды. Кейбір зерттеушілер эпостардың өзара идеялық жақтарынан айырмашылықтарын көрмей, бірыңғай құптап, машықтаушылыққа бой ұрды. Екінші бір зерттеушілер эпостарымыздың барлығын бірдей халыққа жат етіп көрсету, одан жұртшылықты бездіру әрекеттерін жасады. Әрине, бұлардың екеуі де

теріс көзқарастар. Алдыңғысы искусство, әдебиет жөніндегі марксистік теорияны ауыз әдебиетіне дұрыс қолдана алмаудан туған кате-кемшіліктер десек, соңғысы әдебиеттің даму процесін мүлде түсінбейтін, не түсінгісі келмейтін, ұр да жық сындар деуге болады.

Ауыз әдебиетін зерттеуде кездесетін үлкен қиыншылықтың бірі — оның қай кез, қай дәуірде туған шығарма екендігін тап басып, дәл айту мүмкіншілігінің жоқтығы. Сондықтан, ертеден жазылып қалған тарихы, литописі болмаған елдерде фольклорды зерттеу мәселесі айрықша сақтықты керек етеді.

Жалпы ауыз әдебиеті, оның ішінде эпостық жырлар өзінің жарыққа шыққан күндерінен бері талай ғасыр, талай заман, талай әлеуметтік топты да, таптарды да бастарынан өткізді. Демек, әртүрлі қоғамдық, таптық тілектерге сәйкес талай өзгерістердің де болуы сөзсіз. Кейбір эпостың алғашқы нұсқасы халықтық идеяны жыр етсе, кейіннен үстем таптың көзқарасын қолдаушы жыршы-ақындар өз табының идеясына бейімдеуі, жырды оқып шыққан адамға алдыңғы нұсқасынан басқа ұғым, басқаша тәлім-тәрбие беретін етуі мүмкін. Бір жырдың (эпос) өзінде толып жатқан варианттардың барлығы, кейде, идеялық қайшылық болуы да сондықтан.

Қазақ эпостары, негізінен алғанда, көп вариантты эпос. «Қобланды», «Алпамыс», «Қамбарлардың» әрқайсысының бірнеше варианттары бар. Бірақ біздің бұл мақаламыздың міндеті олардың әрқайсысына жеке тоқтап, кең түрде талдау беру емес, жалпы шолу, қазақ эпостарының туу жағдайларымен оның өзіне тән ерекшеліктеріне, тарихи, әлеуметтік мәніне ғана тоқтап өту.

Қай елдің эпосы болсын, белгілі бір тарихи оқиғаның ізін баса туатынға ұқсайды және ол бір күннің, не бір жылдың ғана жемісі емес, халықтың басынан өткізген талай заман, талай ғасыр, талай тартыстардың нәтижесі. Бір батырдың ерлік өмірі туралы, не көп батырлардың жалғастыра жырланатын күрестері туралы жырлар ұзақ жылдарды, талай шығарушы, жырлаушыларды бастарынан өткізіп барып халық қазынасына айналады. Қазақ эпостары да осыны аңғартады. Қазақтың осы күнгі ұзақ эпостарының бастамалары, ерте замандардағы патриархалдық-рулық құрылыс кезінде: Үйсін, Қаңлы, Қоңырат, Керей, Қыпшақ замандарында, әр рудың өз тәуелсіздіктерін сақтап қалу үшін күрескен адамдардың істерін ерлікке айналдырып, жыр еткен, қысқа көлемді жырлар жатуы, кейін олар ұмытылып, бірақ аңызы ғана сақталып, соның негізінде ұзақ жырға айналуы мүмкін. Бірақ, әзір, ол жөнінде үзілді-кесілді пікір айту қиын. Бізге мәлім қазіргі қазақ эпос-

тарының көпшілігінде қазақ батырларының қалмақтарға қарсы күресі көрсетіледі. Оларға кездесетін қиыншылықтар да, ерліктерінің көрінісін майданы да, ерлердің патриоттықтарын айқындайтын қиын-қыстау, тар кезең де осы қалмақ, қызылбастармен күрестер болады.

Қазақ эпостарының жасалыну жолдарын Шоқан Уәлиханов XIV—XVI ғасыр, Алтынорда дәуірімен байланыстырады.

«Қазақ, қырғыз, өзбек, ноғайдың ауыз әдебиеттерінің бір түрі батырлар туралы жырлар. Бұл жырлардың көбі Алтынорда дәуірінде болған тарихи адамдар туралы. Соған қарағанда бұл жырлар XIV ғасырдың ақырында, XV—XVI ғасырларда жасалған сияқты...»— дейді.

Шоқанның бұл айтқандары барлық эпос туралы болмаса да, бірқатары жөнінде-ақ дәл деуге болады. «Қырымның қырық батыры» туралы эпос, кейін жазылып алынса да, ондағы қатысушылардың көпшілігі Алтынорда дәуірінде болған адамдар және Қырым хандығының өзі Алтынорда ыдырай бастаған кезде пайда болған хандық. Міне, осы тұрғыдан қарағанда Шоқанның жоғарғы айтқандары шындықтан шалғай емес.

Шоқанның бұл пікірін кейінгі тарихшылар да растайды. XIII ғасырда Шыңғысхан бастаған моңғол әскері Орта Азияға шабуыл жасады. Сол жорығында Қазақстанның қазіргі жерлерін мекендеп отырған қаңлы, қыпшақ т. б. руларын басып алады. 1240 жылы Алтынорда ұлысы құрылды. Жетісудың оңтүстігі Шыңғысханның баласы Шағатайдың үлесіне тиді.

Шыңғыс, не оның балаларының қаталдық, қан төккіштігі әлемге әйгілі. Әйтсе де оған жергілікті ел оң-оңай беріліп, соғыссыз көне қалған жоқ. Кезінде қарсыласып та, жеңіп алған күннің өзінде де көнбей, күресті тоқтатпаған батырлық жеке қимылдардың болуы да сөзсіз. Кейбір тарихи мәліметтерде 1256 жылдардағы Хулагу хандығына бағынбай қарсылық көрсеткен кавказдықтардың, азербайжандықтардың отрядтарының ішінде де және 1297 жылдардағы Қызылбас (Иран) ханы Газан ханның Кавказ елдеріне жасаған шабуылдарына қарсы күресушілердің қатарында қыпшақтар болып, асқан ерліктер көрсеткенін грузия тарихшылары атап көрсетеді.

1380 жылғы Куликов даласындағы Дмитрий Донской бастаған орыс халқының үлкен соққысынан кейін Алтынорда бұрынғысындай бола алмады. Өткен замандардағыдай үстемдіктерін қайта оралтпақ болып жасаған соғыс әрекеттері сәтсіздікке ұшырай берді.

Ақыры XV ғасырдың бас кезінде, өзара қырқысқан тартыстардың

аяғы Алтынорданың ыдырауымен, біріне-бірі бағынбайтын үш хандыққа (Қырым, Астрахань, Қазан) бөлінумен тынды.

Осы қарсаңда қазақпен көршілес қалмақ хандығы күшейді. 1618 жылы Алтай маңындағы жоңғарлардың бір бөлегі Еділ бойына қарай көшіп келіп, 1630 жылдар Еділ бойында Айюк (Әюке) хандығы орнады.

Жоңғар қалмақтары қазақтың жер-суын басып алу мақсатымен талай рет шабуылдар жасады. Қалмақтардың үлкен бір шабуылы 1643 жылы Есім баласы Жәңгірдің хандығы кезінде болды. Жәңгір бастаған қазақтар қалмақтың қалың әскеріне тар асудан өткізбей үш күн тойтарыс берді. Ташкенттен 20 мың қолмен Жалантөс батыр көмекке келіп, ақыры қалмақтарға шегінуге тура келеді. Осындай шабуылдардың ең күштісі 1723 жылы болды. «Ақтабан шұбырынды, алқа көлі сұлама» атанды. Өйткені қалмақтардың бұл шабуылы қазақ тарихында мейлінше қатал, мейлінше жойқын уақиғаның бірі болды. Соғыста қазақтар қатты жеңіліс тауып, босқынға ұшырады.

Қалың елі үшін, жері үшін жан аямай-ақ шапқыншыларға қарсы күрессе де, қазақтың үстем тап өкілдерінің алауыздығы өзара тартыстарының кесірінен жауына қарсы көпшілік күштерін біріктіре алмады. Оның үстіне бұл соғыстарда қалмақтар пушка қолданды және олар шабуылды күтпеген жерден жасады. Соғысқа даярлықсыз, жайбаракат елді басып алуға бұл да себеп болды. Осындай жағдайлардың нәтижесінде қазақтар жеңіліс тауып, өздерінің ата-мекендерін тастап, қаша көшуіне тура келді. Орта жүз Ходжентке, кіші Жүз Хиуа хандығының шекарасы Қарақалпаққа шейін барды.

Алтай жоңғарлары 1725 жылы Ташкент пен Түркістанға шабуыл жасады. Осы 1725 жылы Еділ бойындағы қалмақтар Еділ, Жайықтың бергі бетіндегі кіші жүз қазақтарына соғыс жариялады; оларға қарсы хан Әбілқайыр бастаған қазақтар қатты күрес ашып, үлкен ерлік көрсеткен қырғын соғыстан кейін қалмақтар жеңіліп, шегінуге мәжбүр болды.

1726 жылы Сарысудың батыс беті, Бұланты өзенінің бойында Қанжығалы Бөгенбай батыр бастаған қазақ қолы қалмақтарға қарсы соғыс ашып, үлкен жеңіске ие болды. Бұл жеңістің мәні зор. Өйткені, мықты жаудың беті қайтты, жеңушілердің көңілі өсті. Бұрынғы «оларды жеңуге болмас» деген жалған лақап, жалған сенімдердің күлі көкке ұшты.

Қазақ пен қалмақтардың осыдан кейінгі бір мықты соғысы 1729 жылы болды. Бұл жолы қазақ қолы қалмақтардың 1723 жылғы тартқан табақтарын өздеріне қайта тартып, айта қалғандай талқан етті. Соғыс-

тың болған жері «Аңырақай» атанды. Сүйтіп, қанға қан, кекке кек алды.

Үстірт, шолып қана айтқанда қазақ пен қалмақтардың араларында, осылар тәрізді зор майдан, үлкен соғыстар болды десек, сол қанды жорық, зор соғыстар халықтың батыр ұл, ер азаматтарын да жарыққа шығарды. Олардың асқан ерліктерімен, ұрпаққа үлгі боларлық патриоттықтары аңызға айналды: 1643 жылғы Жәңгір мен Жалаңтөс батырдың, Бөгенбайлардың ерлік, қолбасшылықтары тарихи шындық.

Қазақ эпостарының бәрі бірдей тап осы айтылған тарихи жағдайлармен байланысты туды деп үзілді-кесілді қортынды жасау қиын. Бұл оқиғалардан бұрын да осы тәрізді оқиғалар болуы, солармен байланысты тууы, немесе, соңғы тарихи жағдайларға байланысты, өткен дәуірлердегі ерліктер қайта жырлануы да мүмкін. Бұл тәрізді анахронизм ауыз әдебиетінде бола береді.

Н. А. Добролюбов, орыс эпостарымен байланысты анахронизм туралы: «Орыстың героикалық эпостары ерте заманда, көп құдайға табынып жүрген кезде-ақ туған. Бертін келе олар ұмытыла бастаған. Бірақ орыс жеріне татар басқыншыларының шабуыл жасаған кезінде халық ертедегі батырлық жырларын, ерлік салтын еске ала отырып, сол жырларды қайтадан жөндеген. Ертедегі жырларды қайтадан, жаңаша жырлаған, оған соңғы кездегі оқиғаларын қосқан. Сөйтіп, осы негізде батырлық жырлар шығарған, бұл жырларда ертедегі және соңғы кезде болған уақиғалар араласып кетіп те отырады»,— дейді.

Қорыта айтқанда, қазақтың эпостары да ертелі-кешті халқымыздың басынан өткізген әлеуметтік-тарихи жағдай мен тарихи оқиғалардың, тарихи болған адамдардың ерлік істерінің негізінде туған, елдің ерлік, елдік салтын, әдет-ғұрып, рухани күшін бейнелейтін құнды қазынананың бірі. Сондықтан оны бастырудың да, оны әралуан жақтарынан алып ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізудің де мәні үлкен.

Бұл жинаққа енгізіліп отырған қазақ эпостарының барлығы емес, әзірше, іріктелініп алынған бірнешеулері ғана. Батырлар эпосы: «Қобланды», «Ер Тарғын», «Қамбар», «Алпамыс», лиро-эпостар: «Қозы Көрпеш», «Қыз Жібек», «Айман — Шолпан».

Жинақты бұлай құрастырудың негізгі себебі — қазақ ауыз әдебиетінде басқа эпостардың жоқтығынан емес, ғылым тұрғысынан олардың баспаға әлі әзірленіп болмағандығынан.

Біз жоғарыда, қазақ эпостары көп вариантты эпосқа жатады дедік. Бірақ, бұл жинаққа негізінде халыққа көп тараған варианттары ғана енгізіліп отыр. Бір жырдың (эпос) барлық варианттарын қатар енгізіп,

зерттеушілерге бай мәлімет, мол материал беріп, ғылыми талдаулар жасауға үлкен мүмкіншіліктер туғызу тілегі, әзірге, кейін қалдырылып, оқушылар жұртшылығына ұсынылып отырған «Қамбардың» екі варианты («Токсан үйлі тобыр», 1903 жыл, Қазан, «Қамбар батыр», 1922 жыл, Ташкент, Ж. Ә. Диваев), «Қобланды» (Мергенбай мен Марабай варианттары біріктірілген.) Ал басқалары, («Ер Тарғын», «Алпамыс», «Қозы Көрпеш», «Қыз Жібек», «Айман — Шолпан») бұрынды-сонды басылып жүргендерінің халыққа ең көп тараған варианттары.

Өзінің бір сөзінде орыстың ұлы сыншысы В. Г. Белинский, «Героикалық поэмаларда суреттелінетін қимыл, іс-әрекеттер бүкіл халықтың рухын, немесе, сол халық рухының кейбір жақтарын көрсете аларлық бір адамның айналасына жинақтала суреттелінуі керек»,— дейді.

Осы тұрғыдан қарағанда қазақтың батырлар жырының да героикалық поэмаларға жататыны даусыз. Қазақтың эпостарында оқиға, іс-амалдар басты қаһармандардың айналасында болады да, басқалар сол негізгі қаһармандардың ерлігін, патриоттығын, немесе, басқа психологиялық жақтарын толықтыру үшін, кейде поэтикалық контраст ретінде алынып көрсетіледі.

Қай жырдың идеясын алсаңыз да оның негізінде ел тілегі жатады. Елдің елдігін, ерлердің патриоттықтарын тарихқа аты мәлім бір адамның іс-амалдары арқылы көрсетуге тырысады. «Қобланды», «Қамбар», «Ер Тарғын», «Алпамыс» жырларының негізгі идеясы өз отанын басқа елдердің шабуылынан қорғау, жау қаншама көп, қаншама күшті болса да, жырда халық өз батырларын үстем етеді. Қандай қиыншылықты болсын батырлар жеңіп шығады, оларды алмақ болған сыртқы жаулар да, аяғынан шалмақ болған ішкі, пасық дұшпандар да апатқа ұшырайды.

Батырлар жырының халықтық қасиетінің де, тарихи құндылығының да негізгі түйіні осында.

Әрине, тап болған қоғамда ауыз әдебиетінің де таптығы белгілі қағида. Сондықтан, қазақ эпостарының да бәрі бірдей халықтың, бәрі бірдей халық көпшілігінің тілек-мүддесінен туған жоқ. Олардың ішінде үстем таптың да мүддесін қорғайтын, «Батыр — халықтың баласы болмай, әкесінің баласы» дәрежесінен, өрісі тар, өзіншілдік көзқарастан аса алмайтын да эпостар бар. Мысалы, «Ер Сайын» жырын алсақ, мұндағы бас қаһарман Сайынның ерлігі де, іс-амалының өрісі де өз әкесінің ар-намысын іздеушіліктен ұзап кете алмайды. Одан басқа да осы идеялас жырлар жоқ емес.

Қазақ эпостарының көпшілігінде бас қаһарманы тәңіріден тілеп

алған жалғыз ұл болады. Оның өзін де әке, шешесі қартайған кезде және баласыздықтың әбден зарын шеккен кезде барып көреді. Кейбір жырларда әулие-әнбиелерге түнеп, бала солардың шапағатымен пайда болады. Олар кейде Баба түкті-Шашты Әзіз, кейде қырық шілтендер. Бұл әрідегі көп тәңірге, берідегі ислам дінінің салдарынан туған ескі нанымдармен байланысты көзқарастың салдары.

Болашақ батырға анасы кейде аюдың, айдаһардың етіне, кейде жолбарыстың жүрегіне талғақ болады. Батыр ұл туғаннан-ақ басқа балалардан ерекше көзге түседі. Бала айлап емес, күндеп өседі. Ат жалын тартып мінгесін-ақ ол, елін жаудан қорғауды арман етеді.

Батырлардың бәрі де өзінің батырлығын жасынан танытады. Халқын басқа елдердің шабуылдарынан аман сақтауды негізгі мақсаты етеді де, сол жолда қанша қиыншылық көрсе де төзіп, ақыры жеңіп тынады. Кездескен бөгеттерден кейде өжет ерлігімен, кейде айласымен құтылады. Қиындыққа мойып, жасып қалмай, қайтадан тез шабуылға әзірленеді.

Алпамыстың терең зынданнан шығуына өнерпаздығы, Қобландының зынданнан шығуына асқан ерлігі себеп болады. Қарлығының оған ғашық болуы да, тұтқыннан шығуына көмектесуі де Қобландының батырлығына бас июінде жатыр.

Қазақ эпостарындағы өзіне тән бір ерекшелік — елдік мәселесі. Бұл да жоғарғы айтылған патриоттық тілекпен нық байланысты. Елдің күші — бірлігінде. «Бірлік болмай, тірлік болмайды» деген халық мақалының терең мәні де осында. Батырлар жырының көпшілігінде-ақ бұл — негізгі идея. «Қамбар батыр» жырында қыз Назымның ағалары Қамбардың кедейлігін бетіне басып, тең көрмейді. Соны сезген батыр, ғашық боп, жолына өрмек құрған жас сұлудың назына да қайрылмай, «нар мойыны үзіліп, Бердібектің өлген жері осы» — дегендей қаразға мінсе де, ел үстіне жау төніп, ірге сөгілер жерде батыр жеке басының жәбір-жапасын ұмытады да Әзімбай ауылын қамап жатқан қалмақтарға қарсы шабуылға шығады.

«Ер Тарғын» жырында Торғауыттың алынбас қамалына жалғыз шауып, олжа түсірген Тарғын, Ақшахан еліне талай жылдар тізе көрсеткен жауларға жасаған күш-қайратын өз жұртына жасай алмады. Ханзада ханның қоластында жүргенде екі рет алданып, Ханзаданы өмірлік көрмей кетуге ант ішсе де, ол елді қалмақтар қамаған кезде, ел үшін шыдай алмай тағы атқа мінеді. Ханның алдауы туралы ел атынан сөйлеген Сыпыра жырау тәрізді шешендердің сөзінен кейін, батыр

алғашқы бетінен қайтады да, өзінің бар күшін жауына қарсы жұмсайды.

Өз елін тереңнен сүюшілік мотиві қазақ эпостарында психологиялық жағынан да дәлелделінеді. Ұзақ сапар жорықтарда болып, дұшпанда кеткен ары мен барымтаға түскен малын іздеген ерлер, елі, жері еске түскенде жер тітіреткен даңқын да, олжаға түсірген мүлкін де бір тиынға санамайды. Алпамсадай алыптар елі есіне түскенде анасын сағынған баладай жас төгіп, буыны босап кетеді. Қазанды жеңіп, Көбіктің көп жылқысын алып қайтқан сапарында Қобландының Қараспан тауын жайлаған «Қалың қыпшақ елдерін» сағынғанда өзегін өрт шалып, өзін қайда қоярға білмейді. Осы сықылды эпизодтар басқа эпизодтардан да табылады.

Эпостарда кең орын алатын, қай жырда болсын батырлармен қатар суреттелінетін адам — олардың жары. Олар кейде батырдың көмекшісі, кейде ақылшысы (Құртқа); кейде батырға дем беруші, қиынқыстаудағы серік, жан қиысар досы (Ақжүніс); кейде алды-артын болжағыш, батырды жұртқа үлгі, елге тұлға деп қарайтын ақылды әйел бейнесінде суреттеледі (Назым).

Бұлардың ақылдылығынан басқа қасиеті сұлулықтары. Бәрі де айтулы ару, атақты сұлулар. Олар да өздерінше, халқын сүйетін патриотқа. Шетелдің не қасқа мен жайсаны әйелдікке алмақшы болып сөз салса да, қаншалық атақ пен мол байлықтар бұлардың біреуін де қызықтырмайды. Жастайынан арман еткені батыр, сүйетіні батырлық және басқа елдің емес, өз елдерінің ерлері болады.

Кейбір нұсқаларда әйел арасынан да батыр образын шығармақ идеясы аңғарылады. Бірақ, бұл тәрізді талпыныстар қазақ эпостарында өз биігіне шыға алмай қалған. Қарлыға, Наркыз сықылды әйел образдарының батырлық іс-амалдарын ойдағыдай дәлелделінген, көңілге қонымды, ақылға нанымды деп қарау қиын.

Сүйтіп, қазақ эпостарындағы әйел образдарының көпшілігі негізінде арулық бейнесі, ел қорғаны ерлердің асыл жары, қысылса сүйеніші, шаттанса қуанышы болу арқылы өз елін терең сүйетін адамдар етіліп көрсетіледі.

Қазақ эпостарында батырлардың жорыққа мінетін аттарына да үлкен орын беріледі. Олардың сұлулығы, қуса жетіп, қашса озатын жүйріктігі, жуан-жуас беріктігі айырықша шебер суреттелінеді. Кейде, ескі нанымдармен байланысты аттарға ерекше қасиеттер тағылып, әр нәрсені түсіне алатын есті қайуанат етіліп көрсетілсе, кейде қысылшан жерде ұша алатын қанаттылар қатарында дәріптелінеді.

Эпостарда атқа үлкен көңіл бөлінуі заңды. Өйткені, көшпелі елдерде жылқы тәрізді көлік малының мәні зор болды десек, жаугершілік кездерінде жорыққа мінуге жарайтын аттардың орны бөлек. Жортуылдарда кездесетін жекпе жек сайыс, самсаған жауға міне шауып, камал бұзып, кейінгі қолға жол ашу — бәрі де, ол кезде, атпен байланысты. Жырларда жақсы атқа көп орын беріліп, оларды әр жағынан алып, батырмен қоса дәріптей жырлайтыны да сондықтан.

Әр эпостың композициялық құрылыстары да негізінде әр басқа. Әйтсе де, бұл жағынан өзара бірліктері де жоқ емес. Ең алдымен оларды бір-біріне жақын ететін тақырып, поэмада қаһармандарға кездесетін қиыншылық, күрес-тартыстар. «Қобланды», «Ер Тарғын», «Қамбар», «Алпамыс» тағы басқа жырларды алсақ та, қалмақ хандықтарының шабуылдарына қарсы шабуыл, күрестерді суреттейді. Оқиғаның байланыстары да, өрбу жолдары да, шарықтау шегі де қазақ пен қалмақтардың соғысы. Елдің ар-намысын іздеген батырлардың ерлік қимылдары. Қай жырда болсын оқиғаның шешуі — қазақ батырларының жауды жеңуімен тынады.

Кейбір эпостарда экспозициялық суреттеулер, не сол оқиғаның, немесе оқиғаға қатысушы бас қаһармандардың туу, өсу жолдарын, не келешек тартыстың болуына қандай жағдайлар себеп болғандығын аңғартушылық жиі ұшырайды. Кейбір жырларда, кейде сол аталған жырлардың варианттарында экспозициясыз-ақ бастала береді («Қобланды» — Марабай варианты) т. б.

Эпостардың оқиға құрылысын сөз еткенде сюжет құру шеберлігі, оның қызықтылығымен қатар, адам образдарын жасаудағы шеберліктері де айырықша көңіл аудартады. Әр образдардың өзіне лайықты портрет, мінездеу, монолог, диалогтар, не олардың күйініш, сүйініштерін жағдайға лайықты көрсетумен қатар, кейде шегініс, кейде жанама мінездеу және драмалық коллизиялар да кездесіп отырады. Бұл зерттеушілер үшін ерекше көңіл бөлерлік мәселенің бірі.

Қазақ эпостарының тіл көркемдігі бізде әлі тексерілмей, соны жатқан тақырып. Алайда, жай шолудың өзінен-ақ олардың тілі мейлінше бай, өмірдің қандай құбылыстарын суреттесе де жеріне жеткізіп бере алады. Қандай жағдайды көрсетпек болса, соған лайықты сөз образдарын қолданатындығын көреміз. Адамның не аттың портреттерін жасауда эпитет, не оның тұрақты түрі, теңеулерді; іс-амалдарды суреттеуде дамыту (градация); бір нәрсені мақтамақ, дәріптемеқ болса, әсірелеу, кемітпек, кішірейтпек болса, литоталық образдарды көп пайдаланады. Әрине, кейде тым шектен шығарып жіберетін кездері де жоқ емес. Ол

эпостық жырлардың, не тарихқа аты белгісіз шығармалардың кемшіліктері емес, қайта өздеріне тән бір ерекшелігі тәрізді.

Жалпы ауыз әдебиетінде, соның ішінде эпостарда поэтикалық тілдің негізі саналатын психологиялық параллелизмдер жиі ұшырайды. Қаһармандардың басындағы қиыншылықтармен байланысты туған күйініш, сүйініштерді суреттегенде, оған табиғат құбылысын, не жан-жануарлардың ауыр жағдайларын параллель етеді. Сол екі құбылысты қатар қою арқылы оқушыларының ой-сезімдеріне әсер етуге тырысады. Бұлай суреттеу әдісі кейде антитеза ретінде келеді.

Қазақ тілінің даму сатысынан қарағанда эпостарда көп кездесетін және көп кездесуі заңды, архаизмдер, олардың тілді зерттеушілер үшін мәні үлкен екендіктерін былай қойғанда, жазушы, әдебиетшілер үшін де эпостық поэмалардың тіл шеберлігінің мәні зор.

Бүгінгі ақын, жазушыларымызды алсақ, кім ауыз әдебиетін, эпосты жақсы білсе, соның тілі бай, оралымды, халыққа түсінікті екендігін байқаймыз. Сондықтан, эпостарымыздың бұл жағынан да орыны ерекше.

Жинаққа батырлықты жырлайтын эпостармен қатар, ғашықтықты жыр ететін лиро-эпостар да енгізіліп отыр: «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман — Шолпан».

Әрине, қазақ ауыз әдебиетінде бұлардан басқа лиро-эпостар да жоқ емес. Мысалы: «Күлше қыз — Назымбек», «Мақпал қыз», «Есім сері — Зылиқа», «Құл мен қыз» т. б.

Бірақ, солардың ішінен жинаққа елге ең көп тараған, мазмұны, көркемдігі жағынан маңыздылары алынды.

Бұлардың үшеуі де ғашықтық жырлар тобына жатады десек те, өзара бірлігімен қатар, айырмашылықтары да бар. Тақырыбына мазмұны, оқиға дамуы дәл келетін «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жыры мен «Қыз Жібек». Ал, «Айман — Шолпан» жыры лиро-эпостан гөрі тарихи поэмаға жақын.

Лиро-эпос жырларын өзара жақындастыратын нәрсе — сүйіспендік, халықтың өз ішіндегі салт-жағдайларын жырлаушылық.

Өмірлік жолдасына сүйіп қосылуды, бас бостандығын аңсаған ғашықтарға, ғасырлар бойы үстемдік етіп келген феодалдық салт-санашатқалы мол асудай кез келеді де, аяқтарына арқанша орала кетіп, оларды дегеніне жеткізбей, ақыры мерт қылады.

Баласынан малын артық көретін сараң, тасбауыр, қыңыр әке Қарабайдың зор кесапаты Баян мен Қозыны, өз үстемдігін жүргізіп қал-

ған үлкен феодал, бетіне ешкімді келтірмей өрлікпен өмір сүрген Барбайдың безбүйректігі Төлегенді өлімге ұшыратады.

Бас бостандығын аңсаған аяулы аруымен, өршіл жастарын халықтың өз ішінен шыққан аты белгісіз ақындар тереңнен сүйіп, оларды ақылды да, сұлу да, қысқасы, қай жағынан болса да тамаша адамдар етіп суреттейді. Жылап өткен қыз, арманда өткен жігіттердің мұң мен зарын тебірене жырлау арқылы, саңылаусыз феодалдық қатал заңға қарғыс айтады.

Бұл екі жырдың идеялық мазмұны да, құндылығы да осында.

«Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жыры халыққа көп тараған, 15—16 варианты бар және орыс, қазақ ғалымдарының назарын ерте аударған мұраның бірі.

«Қозы Көрпешті» алғашқы рет ел аузынан жазып алып, 1870 ж. бастырушы (қазақ, неміс тілінде) академик В. В. Радлов, бұдан кейін Шоқан Уәлиханов (Жанақ варианты), 1876 жылы, проф. Березин бір вариантын, 1899 ж. Баранов деген оқымысты «Қозы Көрпеш — Баянның» екінші бір нұсқасын «Нива» журналының қосымшасында басып шығарады.

Бұл жырға айрықша көңіл бөлген адамның бірі және ол туралы өте құнды пікірлер айтқан атақты ғалым Г. Н. Потанин, Орта Азияның, оның ішінде Түркстан өлкесінің археологиясын зерттеуші, белгілі ғалым Пантусов та «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» ескерткіші, анызы туралы қатты шұғылданған. Біздің дәуірімізде «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырын бастырушылар академик М. О. Әуезов (1936 жыл), академик С. М. Мұқанов (1939 жыл).

Бұлардан басқа да газет, журналдарда, әдеби хрестоматияларда нұсқалары, үзінділері басылып, жазба арқылы да халыққа көп тараған жырлардың бірі — «Қозы Көрпеш — Баян сұлу». «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жыры өзінің мазмұн байлығы, сюжет қызықтылығы жағынан зерттеушілер ғана емес, ақын, жазушылардың да көңілін аударған. Ұлы ақын А. С. Пушкин 1837 жылы, өзінің Оренбург, Орал қалаларына келуімен байланысты «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» анызын ел аузынан естіп, күнделік дәптеріне жазып алғандығы, соңғы жылдарда мәлім болып отыр.

Совет тұсында, біздің жерлесіміз Көкшетау қаласын мекендеуші орыс ақыны Тверитин бір нұсқасын орысша, ерікті аударма етіп 1928 жылы бастырып шығарды. Бұл нұсқа 1941 жылы Москвада жеке кітапша болып екінші рет тағы басылып шықты.

Қазақтың ірі жазушы-драматургтарының бірі Ф. М. Мүсрепов жол-

дас «Қозы Көрпеш — Баян сұлуды» драмаға айналдырып, қазір ол бірнеше жылдар бойы тек қана Қазақстан емес, бүкіл Совет Одағындағы ұнатқан жақсы драмалардың бірі есебінде театр репертуарларынан орын алумен қатар, киноға да шығып отыр. («Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Песня любви»).

«Қыз Жібек жыры» 1870 жылдарда Қазанда басылған. Осыдан кейін ол Қазандағы Хұсайновтардың баспасында талай рет басылады. (1905, 1909, 1911 жылдар). Бұдан кейін 1925 ж. Ә. Диваев, 1939 жыл Сәбит Мұқанов бастырды.

«Қыз Жібек» жырының, әзірше, бір-ақ варианты бар. Бұл да халыққа көп тараған және лиро-эпостардың ішінде көркем саналатын жырлардың бірі. «Қыз Жібек» жырында суреттелінетін оқиғаларға, сән-салтанат, материалдық-мәдени мұра, шығарманың тілі, тағы басқа жақтарына және вариантының біреу-ақ болуына қарағанда бұл «Қозы Көрпеш» жырынан анағұрлым кейін, анағұрлым кенже деуге болады. Жыр неғұрлым кеш туса, солғұрлым варианттары аз болатынға ұқсайды.

Кейбір зерттеушілер «Қыз Жібекті» XVII ғасырда туған жыр деп топшылап жүр. Бұл пікірді түп-түгел дұрыс демесек те, дәлелсіз деуге де болмайды. Жырда суреттелетін ел тұрмысын көрсетуі, тіл ерекшеліктері, жоғарғы пікірді растайтын көптеген материалдар береді.

Айта кету керек, «Қыз Жібек» жырының идеялық мазмұнын айқындауда біздің әдебиетші, жазушылардың арасында екі түрлі көзқарастың барлығы аңғарылады. Кейбір әдебиетшілер «Қыз Жібек» жырында негізгі мәселе сүйіспеншілік, сол кездегі Төлеген сықылды жастардың, әке не айтса соған көніп, кімді айттырса, соған үйлене беру салтынан бастартып, өзінше, бақыт іздеуі, бас бостандығын аңсауы... Бірақ, ондайлар аз да, сондықтан, әлсіз де еді. Оларға қарсы күштер іргесі берік феодалдық салт-сана, кежегесі кейін тартып жатқан ескілік болатын... Өз үстемдігін берік сақтау мүддесін, іштен шыққан баласынан да артық санайтын әкенің қатал мінезіне душар келеді де, Төлеген, не сол сықылдылар мерт болады, «Қыз Жібек» жырының негізгі идеялық түйінін, әлсіз де болса, осы жаңалықтың айналасынан іздеуіміз қажет. Сол дәуірде мұндай талпыныстың өзінің де прогрессивтік мәні болды дегенді айтады.

Кейбір әдебиетшілер Төлеген образының ұнамдылық жағын жоққа шығармаса да, Қыз Жібектің Сансызбайға шығуын ескілік, әменгерлік деп қарайды.

Бұл екі пікірдің екеуінің де жаны бар, жыр скеуіне де табан тірер-

лік деректер береді. Әйтсе де, бізше, алдыңғы пікірдің дәлелі молырақ сықылды. Өйткені, жырды оқып шыққанда оқушылардың ой-пікір, аянышты сезімі, қиынға қол созып, қияға құлаш ұрған, тұтасқан ескілік, феодалдық қатал салт-санаға тап келсе де, сүйгені үшін, елінен жалғыз аттанып, ақыры арманына жете алмай кеткен Төлеген жағында. Жырдың драмалық коллизиясы да осында. Төлегенге екі үлкен мәселе кездеседі: бірі — сүйгені, екіншісі — ата-ана, жалғыз інісі Сансызбай. Екеуі де қаһарманға өте қымбатты. Бірақ, біреуін-ақ қалауы керек. Төлеген алдыңғысын қалайды. Әкенің қаталдығын көре тұрса да, сүйгеніне берген сертіне жету үшін қатері мол, алыс жолға жалғыз аттанады. Қаһарманның бұл тәрізді көзсіз ерлігін де, сүйгені үшін бәрінен баз кешуін де жырда даттамайды, «Батырлық, байлық кімде жоқ, ғашықтың жолы бір басқа» деп, оны құптай түседі. Басқа оқиғалармен іс, әрекеттер сол бас қаһарманның аянышты өлімін ауырлата түсетін қосымша эпизодтар.

Тенім деп сүйген Төлегенді көп жылдар күткен сұлудың жақсы үмітін жоққа шығарған Бекежанның сөзінен кейінгі қайғылы хал да, ағадан айрылған жас бала Сансызбай, жан серігі Шегенің азалы аяныштары да Төлегенге деген жылы сезімді оятып, ескі салттың өкілі Базарбайға қарғыс айтқызады. Бас қаһарманның өлер алды алты қазбен қоштасқан Төлегеннің зарлы монологін оқыған адамды аяушылық сезімдер билеген сайын, сол апатқа ұшыратқан үстемдік етушілерге қарсы өшпенділігі де өрши түспек.

Қыз Жібектің Сансызбайға шығуы, не өзін сол елдің қалыңдығымын деп қараушылығы тек қана Жібектің басындағы қайшылық емес, сол дәуірдегі басқалардың басындағы қайшылық. Екінші жағынан, бұл жерде, өте бір аңғаруды керек ететін нәрсе, осы оқиғаға қалмақтың Қорен ханының келіп араласуы.

Қай жырды алсақ та елдің ет-жүрегін жарып шыққан қыз да өз жұртының жаманына баруға әзір, бірақ ата жауы қалмаққа пенде болуды өліммен бірдей деп біледі. Қыз Жібектің Сансызбайға тиюінің бір тамыры осы көзқараспен де байланысты.

«Айман — Шолпан» жыры бірінші рет 1896 жылы Қазанда, екінші рет 1939 жылы «Халық поэмалары» атты жинақта басылды. «Айман — Шолпан» өзінің жанры жағынан лиро-эпос жырларынан гөрі, тарихи жырға жақын дедік. Өйткені, жырдағы басты қаһармандары болған адамдар, оқиғалары да тарихи-шындық деуге сияды.

Көтібар, Арыстан XIX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген. Тарихи мәліметтерге қарағанда Көтібар, Есет, Есеттің ұлы Бекет хан

тұқымдарымен көп шайқасқан адамдар. 1809 жылы, Қаратай сұлтан Жантөрені өлтіргенде, оның көмекшілері осы шекті руының батырлары болған. Жантөренің баласы Арыстанды өлтіруші Бекет. Көтібар мен Есеттің әртүрлі жорықтары мен батыл қимылдары тарихта мәлім. Демек, жыр сол шабуылды күндердің бір көрінісі.

Бұл айтылғандардан басқа, «Айман — Шолпанның» өзіне тән тағы бір ерекшелігі — әртүрлі өмір құбылыстарының өз қалпында суреттелінуі. Басқа эпостардағыдай, бұл жырда шындықтың шеңберінен шығып кететін іс-әрекеттер кездеспейді. Эпостарға жалпы тән нәрсе — кейбір өмір құбылыстарын өте әсірелей суреттеу десек, «Айман — Шолпан» жырында ол жоқ, не жоқтың қасы.

Басқа лиро-эпостардай бұл жырда мадақталынатын сұлулық, ғашықтық емес, ақылдылық. Жырда суреттелетін оқиғаның негізгі қазығы — Айман. Және ол сұлулығы емес, өзінің ақылды, айлалы, қандай қиыншылықтан да жол тауып келе алатын тайпалмалылығымен көзге түседі.

Екі ру басы: Маман мен Көтібардың үйге таласып, сертке келулері шығарманың тек байланысы ғана. Одан кейінгі оқиғаның бәрі де Айманның алысты болжайтын қырағылығын бүкіл елдік, рулық мәселелерге өресі жетерліктей, ақылды қыз екендігін дәлелдейді.

Мұндайда екі елдің де үлкен шабындылыққа ұшырап, аяғы қап төгіс, кісі өлімімен тынатындығы мәлім. Айманның ақылы, айласы, шеберлігі арқасында мал қуғыннан, ел сүргіннен аман қалады. Аралары алшайып кеткен екі руды, ебін тауып бітіреді де, Айман елінен алыс алады. Бұл бір.

Екінші, басқа эпостардағы ұнамды әйел образдары өздерінің патриоттықтарын да, ақылдылық іс-амалдарын да сүйген батырлары арқылы жүзеге асырады. «Айман — Шолпан» жырында Айман бүкіл елдік мәселенің тізгінін өз қолына алып, не тайғақ, тар кезеңдерден сүрінбей шығады.

Жалпы ауыз әдебиетін алсақ, мақал-мәтелдерден бастап, әйелге екі түрлі көзқарастың барлығы аңғарылады: халықтық және феодалдық.

Халықтық көзқарас әйелді — ана, өмірдің тірегі де ана деп біледі.

«Алып — анадан, ат — биеден», «Анасын көріп қызын ал, аяғын көріп, асын іш», «Ердің атын қатын шығарады», «Жақсы әйел жаман еркекті адам етеді, жақсы еркек жаман әйелді адам ете алмайды» дейтін мәтел-мақалдар, ертегі аңыздардағы Қарашаш тәрізді дана әйел-

дердің образдары — әйелге халықтық көзқарастардың тамаша үлгілері деуге болады.

Бірақ, халықтың бұл көзқарасы эпикалық поэмаларымызда өзінің шарықтау шегіне жете алмайтын. Осы олқылықты толықтырған Айман образы. Бізше, бұл жырдың өте бір құндылық жағы.

«Айман — Шолпанның» тақырыбы да, оқиғасы да тарихи жырларға жақын болғанмен де, халықтың тұрмыс-салтын суреттеу жағынан лиро-эпостармен туыстас және өмір құбылысын суреттеудегі әдісі де осыны дәлелдейді. Жырдың әр эпизодында қаһармандардың іс-әрекеттерін бейнелеуде халық юморы жиі кездеседі. Ру басылары: Маман, Көгібарлар өздерін үп-үлкен адамдармыз деп ұғынса да, жұрт көзінде мазакқа айналады.

Қазақ совет әдебиетінің үлкен драматургының бірі М. О. Әуезов «Айман — Шолпан» жырын музыкалық комедия етіп театр сахнасына шығарғанда, комедиялық сюжетті сол жырдың өз негізінен алды да, оны асқан шеберлікпен, шын мәніндегі комедияға айналдырды.


Лиро-эпос жырларының тілі де негізінде эпикалық поэмалардың тілімен өрістес. Олардың ерекшеліктері — сөз образдарының көпшілігі салт-тұрмыстан алынып, қаһармандарының психологиялық жақтарына ерекше көңіл бөлушілік. Әсіресе, тұрақты эпитеттер мен синтаксистік параллелизмдер мол қолданылады.

Эпос, лиро-эпостар қазақ халқының өткен замандарындағы, тарихқа аты белгісіз, кейін әр заман өңдеп, өзгертіп келген талантты ақындарының жасап кеткен, құнды мұраларының бірі. Халық сол жырлар арқылы өткен дәуірлердегі ер ұлдарының батырлықтарына сүйінеді: олардың ерлік, патриоттық салт-дәстүрлерін жастарына үлгі, жауына айбар етеді. Біз өмірге бүгін ғана келгеніміз жоқ, елдік қалпымыз, ерлік салтымыз бар елміз, сол елдік үшін қырқысқан тарихи күрестердің айнасы — осы жырларымыз дегендей болады.

Бұл жырларды жинап бастырудың да, халыққа таратудың да мәні осында.

Филология ғылымдарының докторы К. Жұмалиев.

Филология ғылымдарының докторы М. Ғабдуллин.



Кобланды батыр

К

ешегі өткен заманда,
Қарақыпшақ Кобланды,
Атасы мұның Тоқтарбай
Халықтан асқан болды бай,
Байлығында есеп жоқ,
Айдалып бағып жайылды
Төрт түлік малдың бәрі сай.
Жаз жайлауы Көздікөл,
Көздікөлді жайлаған
Қалың Қыпшақ жағалай.
Тоқтарбайдың дәулеті,
Ішкені мас, жеген тоқ,
Бай-кедейдің көңілі жай.
Қыс қыстауы Қараспан,
Қараспан көкке таласқан.
Ат үйірінен адасқан,

Қалың Қыпшақ тізіліп,
Қасына қоныс жарасқан.
Әліп таңба Қыпшақтың,
Атағы озған алаштан.
Сексенге жас келгенше
Бір бала көрмей Тоқтарбай
Қайғыменен қан жұтып,
Ақылынан адасқан.
Шөл иесі сұңқар қиясыз,
«Еш нәрсе көрмей дүниеден,
Өткенім — деген — тұяқсыз».
Тоқтарбайдың зарына
Қалың Қыпшақ қайысқан.
Әулие қоймай қыдырып,
Етегін шеңгел сыдырып,
Жеті пірге танысқан.
Әулиеге ат айтып,
Қорасанға қой айтып,
Қабыл болған тілегі,
Жарылғандай жүрегі,
Аналықтай бәйбіше
Қабырғасы майысқан.
Елуге жасы келгенде,
Көзімді ашпай дүниеден
Өтемін бе дегенде,
Сонда көрген арыстан.
Бір ұл, бір қыз атадан,
Қыздың аты Қарлығаш,
Қобландыға қарындас.
Алты жасқа келгенде
Арыстан туған Қоблан —
Қазнадан қамқа киеді,
Өзімнің еншім болсын деп,

Тобылғы менді торы атты
Енші қылып мінеді.
Қобландының тілегін
Бүкіл Қыпшақ тіледі.
Қайыры көп халқына,
Енді түсіп салтына,
Таулар күйіп, тас жанған.
Алты жасты баланың
Елбендеген зарпына,
Өзі алты жасында,
Кәмшат бөркі басында,
Тобылғы торат астында,
Қаршығасы қолында,
Тазысы ерткен соңында,
Жеті пірге сиынып,
Баратұғын жолында,
Тоқтарбайдың жылқыда,
Тоқсан құлы бар еді.
Тоқсанының бастығы
Естеміс деген ер еді.
Естемісті көруге
Жылқыға бала жөнелді.
Жылқыға бала барғансон,
Бауырап малын алғансон,
Тоқсан құл мен Естеміс,
Риза тауып қалғансон.
Қолқанатпен құйрыққа
Енді тоқтар кенелді.
Қобландыны барғансон,
Естеміс ерің баулыды.
Күнде киік аулайды,
Кездесе жауын жаулайды.
Жылқыда жатып Қобланды

Екпіні оттай қаулайды.
Қаршығасы қолында,
Құмай тазы соңында,
Көрсек киік аулайды.
Естеміспен екеуі
Қонып жатса бір тауда,
Намазшамнан өткенде,
Құтпан мезгіл жеткенде
Құлағына батырдың
Бір дауыс кеп шулайды.
Ту сыртынан сол таудың
Бұрқыраған бу шықты,
Шауылдаған шу шықты,
«Бұл не қылған дауыс?» — деп,
Естемістен сұрайды.
Айтпасына қоймайды,
Сонда Естеміс сөйледі,
Сөйлегенде бұй дейді:
«Арғы астында бұл таудың
Қызылбастың елі бар,
Жасыл байтақ жері бар,
Айдынды шалқар көлі бар,
Көктім аймақ ханы бар,
Неше мың сан жаны бар,
Қанша жиған халқына
Көрсетіп тұрған сәні бар.
Құртқа деген қызы бар,
Жұртына жайған назы бар,
Ай астына аспанға
Құрды бақан қақтырып,
Алтын теңге аттырып,
Теңгені атып түсірген
Құртқаны сұлу сол алар.

Соның даусы бұл дауыс,
Көптен шыққан бұл хабар.
Көңілің ауып, шырағым,
Бұған болма ынтызар,
Шарға салып басыңды,
Бола көрме сен құмар».
Қанша айтса да Естеміс,
Барғысы келіп баланың,
«Түсірем — деп — атып дәл,
Кәміл пірлер болса жар».
Естеміс тағы сөйлейді:
«Қой, шырағым, жассың ғой,
Қабырған сенің қатқан жоқ,
Омыртқан өсіп жеткен жоқ,
Жіберуге қорқамын,
Тілімді алсаң, рұқсат жоқ.
Барғанмен кезек келмес-ті,
Баланы көзге ілмес-ті,
Бағып жатқан Құртқаны
Қырық бес кез Қызыл ер
Шырағым тектен бермес-ті».
Отырып бұлар кеңесті.
Мінген аты ала еді,
Қылшық жүнді қара еді,
Тоқтау салды Естеміс,
Жібергісі келмей баланы.
«Батанды бер, көке», — деп,
Алдын-артын орады.
Жад қыламын, Естеке,
Жеті кәміл бабаны.
Барғысы келіп батырдың
Тоқтамайды табаны.
Естемістей еріңнің

Таусылғасын амалы
Батасын беріп қол жайып,
Жад қылады құданы.*
Үстіне сауыт кигізді,
Жанына байлап болатты,
Беліне садақ ілгізді.
Тапсырдым деп жалғызға
Амандасып жүргізді.
Жүрегі таймай баланың
Ерлігін кәміл білгізді.
Тобылғы менді торы атпен,
Дөңгелетіп жөнелді.
Атып жатқан жеріне
Іркілместен келеді.
Келгендігін баланың
Көктім аймақ көреді.
Айбатынан сестеніп,
Баланы келген сынады.
Қобландыдай төрені:
«Қазақтың ері келді»,— деп,
Көктім аймақ патшасы
Кезекті бұған береді,
Кәміл пірлер жебеді,
Колына алып толғанып,
Қозы жауырын жебені
Ат үстінен шіреніп,
Сонда тұрып тартады.
Кәміл пірлер сенгені,
Құрулы бақан басында
Екі бөліп ұшырды
Ай астында теңгені.

* Құданы — құдайды деген мағына.

Құртқа көріп батырды
Шашу шашып басына,
Бұралып келді қасына.
Нұрына тойып түнгені,
Көзі көрмей өңгені,
Іздеген теңім келді деп,
Патшаға салып жеңгені.
Айтқан серттен қайта алмай,
Отыз күн ұдай ойын қып,
Қырық күн ұдай тойын қып,
Көктім аймақ атасы
Қыз Құртқаны бергені.
Жұртын жиып той қылып,
Аққа белін шешіпті,
Пайғамбар құда несіпті,
Құртқа сынды сұлуды
Қобландыдай батырға
Берейін деп жатқанын
Қырық бес кез Қызыл ер
Хабарын мұнын есітті.
«Меніменен күресіп,
Жыкса алар»,— десіпті.
«Аты-тонын олжалап,
Аман қайтса жарар»,— деп,
Өзінше желдей есіпті.
Бетіне жан қаратпай,
Көңілі әбден өсіпті.
Бұл сөзді естіп Қоблан:
«Артымда жау қалдырман,
Берсе құдай несіпті».
Мініп алып атына
Қызыл ерге келеді,
Келіп те сөйлей береді:

«Қобланды келді, шықсын», — деп,
Дауыстап хабар береді.
Шықпағасын Қызыл ер
Жүгіріп үйге енеді.
Төсекте жатып Қызыл ер
Қобландыны көреді.
«Аяғыммен күрес» — деп,
Бір аяғын береді.
Алпыс құлаш ала арқан
Қызыл ердің ілулі
Босағада тұр еді.
Іліп алып аяққа,
Мініп алып торы атқа.
Дүрілдетіп жөнелді.
Қызыл ерді сүйретті,
Сүйреткі қылып үйретті.
Ішінде шеңгел тікенге
Өкпе-бауырын түйретті.
Тақымға салып сүйретіп,
Қабырғасын күйретті.
Менсінбеген дұшпанды
Ақыл тауып үйретті.
Көкбары қылып дұшпанын,
Тау мен тасты күнрентті.
Қорлықпенен өлсін деп,
Қызыл ерді еңретті.
Тасқа соғып боршалап,
Кеудесінен жан кетті.
Домаланды жерге бас.
Қобланды сынды жас бала
Істі орнына келтіріп,
Құртқаға келіп сөйледі,
Көңілі ердің желпініп.

«Сұлтаным не қылды екен», — деп.
Құртқа сұлу жүгіріп,
Алдынан шыққан еңтігіп,
Көктімге хабар береді.
Дұшпанынан құтылып,
Көңілдері жайланды.
Жөнелтуге Құртқаны
Көктім аймақ ойланды.
Алтынмен ішін безеген,
Сырты күміс ақ отау
Келістіріп түзеген,
Арттыруға сайланды
Қырық түйе қазына,
Қырық құл мен қырық күн
Қосып берді қызына.
Ел-жұртымен қоштасқан
Құртқа сынды сұлудың
Жұрт таң қалды назына,
Сөйлеген сөз базына.
Көктім аймақ нұр есіп,
Ертеңгі Шолпан батқанда,
Сарғайып таң атқанда,
Жөнелтуге Құртқаны
Жүгін артып жатқанда
Қобланды бала келеді,
Көктімге сәлем береді:
«Еншісін бөліп Құртқаға,
Бәрін де беріп жатырсын,
Бергенің маған не?» —
дейді.

Көктім аймақ атасы:
«Шырағым, балам, кел! — дейді, —
Бергенім саған біл, — дейді, —

Төбеңде тұрған төрт бұлыт
Еншің, балам, сол,— дейді.
Жаз болса, шығар күн жақтан,
Қыс болса, шығар жел жақтан.
Жау келсе, түсер жау жақтан
Шырағым, балам, сен,— дейді,
Тапсырдым сені соған,— деп,
Енді атыңа мін»,— дейді.
Атасымен қоштасып,
Құртқаны алып ұзатып,
Елге қарай жөнелді.
Кәміл пірлер жебеді,
Ісі жөнге келеді.
Мінген аты ала еді,
Қылшық жүнді кара еді,
Қобландыдай батырын
Көшті тартып барады.
Бірнеше күн жол жүріп,
Аз ғана емес мол жүріп,
Өткен күнді санады.
Бір күндері болғанда
Қара жолдың үстінен
Қалың жылқы жарылып,
Екі жақта қалады.
Құртқа сынды сұлуың
Күймеден басын шығарып,
Жылқыға көзін салады.
Ортасында жылқының
Көкала бие жусап тұр,
Құртқаның көзі шалады.
Тоқтатып қойып күймесін,
Ағытып тастап түймесін,
Шақырып алып, сұлтан, деп,

Қобландыдай баланы,
Биені көріп сынады.
«Мынау жатқан көп жылқы
Кімдікі,— деп сұрады.
Сонау тұрған биені
Мені берсең де алғын» — деп,
Батырға әмір қылады.
Батыр Қоблан күледі,
Әзіл айтып іледі:
«Басымды оққа байлаған,
Сені берсем, қыз Құртқа.
Бір елдің малын алармын»,— деп
Езу тартып күледі.
«Осы жатқан көп жылқы
Немере туған ағамыз
Сәлімбаи байдың жылқысы.
Жанындай мені көреді,
Не сұрасам береді».
Тағы Құртқа сөйледі,
Сөйлегенде бұй дейді:
«Құлақ салып сөзіме
Бері таман кел,— дейді,
Тобылғы менді торы атың
Жауға мініп шабуға
Жарамайды бұл,— дейді.
Жан серік атың, сұлтаным
Көкала бие ішінде,
Көк бурыл құлын бар,
Жан серік атың сол,— дейді.
Бұл сөзімді біл,— дейді,
Құртқаның сөзін сынарсың,
Жылқысы болса ағанның,
Алакөр бірақ сен»,— дейді.

Құртқанын сөзін есітіп,
Қондырып көшін сол жерге,
Енді атына мінеді,
Ойлау жерден орғытып,
Тегіс жерден сырғытып,
Аяндамай желеді.
Сәлімбай байдың тоқсан құл;
Қара Көжек бастығы,
Сәлем беріп келеді.
Келіп сөйлей береді:
«Асқар төбе белсін,— деп,
Қатар көшкен елсін,— деп,
Ағамызға сәлем де,
Келінін алып келемін,
Көрімдігін берсін де,
Келінін келіп көрсін де.
Қырық нарға артқан қазына
Бәрін де келіп алсын де,
Бұл сөзіме нансын де,
Көрімдігі Құртқанын
Көкала бие жылқыда
Інім десе берсін де,
Бұл сөзіме сенсін де».
Қара Көжек ал сонда,
Батырдың сөзін есітіп,
Елге шапты жосылтып,
Бұрқыратып тозаңын,
Желге қарсы есілтіп,
Жылқыға жау тигендей
Елдің шетін шошытып,
Байға жетіп келеді,
Қарала атты көсілтіп.
Келіп сөйлей береді:

«Қобланды батыр жіберді,
Ағама дұғай сәлем деп,
Келінін алып келемін,
Қырық нарға артқан қазына
Бәрін де соған беремін.
Көрімдігін берсін деп,
Келінін келіп көрсін деп,
Бұл сөзіме сенсін деп,
Көрімдігі Құртқанын,
Көкала бие жылқыда,
Інім десе берсін деп,
Қобланды мені жіберді,
Береді деп биені
Үзбей отыр күдерді».
Көжектің сөзін есітіп,
Сәлімбай бай сөйледі:
«Бұл жібердім қалаға,
Бұзау, баспақ, танаға,
Арнап едім балаға,
Бір тайдың несін сұрайды
Әкете бермей далада.
Бір тай түгіл Қобланнан,
Жалғыз жаным садаға.
Қалағанымды алдым деп,
Мақтанып барсын алдына
Тоқтар сынды ағаға».
Байдың сөзін есітіп,
Қаралатты көсілтіп,
Қайта шапты балаға.
«Қалағаныңды берді»,— деп
Шыбын жанын құрбан қып,
Қара Көжек арада.
Баладан болып садаға

Ұстап беріп биені,
Жад қылады иені.
Қарны жерге тиеді,
Құртқа сұлу күймеден
Қарғып түсіп биені
Маңдайынан сүйеді.

Көшіне тіркеп жөнелді.
Көкала бие шұрқырап,
Көбік шашып бұрқырап,
Емшегі бұлақ иеді.
Айы-күні жетіп тұр,
Тууы тұлпар қиын боп
Жүруге халі бітіп тұр,
Ішінде тұлпар тулайды,
Биенің тынысы бітіп тұр,
Қасына адам жолатпай,
Құртқа жалғыз күтіп тұр.
Көкала бие төңбекшіп,
Домаланып сұлады.
«Түншығып тұлпар қалар» — деп,
Құртқаның жаны шығады.
Тонын жарып тұлпардың,
Құлынға тыныс қылады.
Сонда жатып құлындап,
Бурыл тұлпар туады.
Тұяғын жерге тигізбей
Үстіндегі шешініп,
Құртқа сынды сұлуын,
Алтын тонға орады.
Аузын үріп сыпырып,
Маңдайынан иіскеп,
Шүкір ғып хаққа тұрады.

Аршын басты бурылы,
Қабырғадан қанаты,
Сұлтанымның жан аты.
Күн түсірмей көзіне,
Жел тигізбей өзіне,
Үстіне шатыр тіккізді.
Құртқа сынды сұлуын
Айтса сөзін өткізді.
Көп нөкерін жүгіртіп,
Не керегін жеткізді.
Үйір болып сол жерде,
Қырық күнге шейін бурылға
Құлықтың * сүтін емізді.
Және қырық күн біткенше,
Қысырдың сүтін емізді.
Сексен күні біткесін,
Тоқсан күні жеткесін,
Арымасын, талмасын деп,
Маңқа, қолқа ** болмасын деп,
Жеміне қосып қыз Құртқа,
Қызыл дәрі жегізді.
Бурылға қыз Құртқа
Түндікпенен күн берді,
Түтікпенен су берді,
Дәрілеген жем берді.
Құртқа сынды сұлуын
«Отауды жығып, тігіс», — деп,
Қобландыға дем берді.
Алтыннан жабу оюлап,
Бурылға қыз Құртқа

* Құлық — бірінші рет құлындаған жас бие.
** Жылқы малында болатын аурулар.

Құлағын тігіп қыюлап,
Балағына түсірді.
Елі түсіп есіне,
Дүйсенбі күні бесінде,
Отауды жығып көшірді.
Бурылын құндақтап,
Биені тіркеп көшіне.
Асқар төбе бел еді,
Белден көшкен ел еді,
Көшті тартып келеді.
Бірнеше күн дегенде
Тоқтарбайдың жанына
Отауды әкеп тігеді.

Әлқисса, Қобланды батыр әкесі Тоқтарбайдың жанына отауын тігіп жатып әкесіне келіп:

— Мен кеткелі жылқыдан, біраз айлар болды. Сонан бері тоқсан құл мен малдан хабар бар ма? — деп сұрады.

— Жоқ, шырағым, құлдан да; малдан да хабар жоқ,— деді. Құйған шайдан ішпей, ашытқан балдан ішіп, «мен малдың хабарын біліп келейін»,— деп, жүріп кетті.

Базарда бар ақ мата,
Ойнақтайды жас бота,
Бұл сөзімде жоқ қата,
Әкесімен сөйлесіп,
Атқа мінді күн бата.
Отарда жатқан жылқының
Қарасын көрді таң ата.
Барса малы аман-ды,
Құлдар көріп қуанды,
Қобланды батыр келгесін
Көтеріп қолға ту алды,

Судай тасып жұбанды,
Қыдыр дарып, бақ қонған
Келгеннен соң Қобланды.
Бөтен сөзді қоялық,
Не ғылып жатыр қыз Құртқа,
Енді содан сөз қозғап,
Ақ қағазды боялық.
Естеміске қосылып,
Ит жүгіртіп, құс салып,
Қобландыдай батырың
Жата берсін балалық,
Аз ба, көп пе жатқаны
Қобландының қаралық.
Құртқаның баққан Бурылы
Жасқа толып, тай шықты,
Жалтырап маңдай ай шықты,
Тайдан құнан бұл шықты,
Тасқа тиген тұяғы
Көмірдей ойып жаншыпты.
Құнаннан шығып дөненді,
Күн көрмеген көбенді,
Жуандап мойыны өссін деп,
Бір байталға жіберді
Бестісінде үйретті.
Жібек арқан құлаштап,
Таралып мойны өссін деп,
Ұзын байлап сүйретті.
Алты жаста ақтатты,
Өзіне өлшеп бурылдың
Алтыннан тұрман қақтатты.
Ат болат деп батырға
Бурылын мақтатты.
Құртқа сұлу батырға

Қарағай найза сапталты.
Алмас қылыш соқтырып,
Күмістен қынын шақталты.
Бурылының қыз Құртқа
Кекілін, жалын тарайды,
Күніне неше қарайды,
Салдырып оған сарайды,
Баласындай жебеді,
Күніне неше баулыды,
Атқа қылған еңбегі
Күннен күнге көбейді.
Алты жасқа толғанша
Қобландыдай батырын
Үйге сірә келмеді,
Бар еді Құртқам демеді.

Әлқисса, сол кезде Қызылбастың елінен Қазан деген ер шығып, Ноғайлының жерін, Қырлы-қала, Сырлы-қала деген екі қаласын тартып алды. Қырлы-қалаға бектерін, Сырлы-қалаға жеңдеттерін жатқызып, жатып алды дейді.

Қызылбастың елінен
Қазан деген ер шықты,
Жөн білмеген шер шықты.
Ноғайлының көп елін
Олжалап шауып жаншыпты.
Бағынбаған адамын
Қырып, жойып таусыпты.
Жерін, малын олжалап,
Қатарынан асыпты,
Мал-жанына қарамай
Ноғайлы елі қашыпты.
Олжалап жаңың басыпты,
Ноғайлының көп елін

Қаратабан десіпті,
Қырлы-қала, Сырлы-қаласын
Тартып алып ер Қазан
Гүрілдеп судай тасыпты.
Сырлы-қала дейтін қаласы
Қорғансыз сырты ашық-ты.
Қырлы-қала дейтін қалаға
Атарман да шабарман,
Бектері басын қосыпты.
Қырлы-қала маңынан
Жау жүре алмас десіпті,
Көңлі сондай өсіпті.
Қызылбастың ағасы,
Қырлы-қала шәһерінің
Бір жағы судың жағасы,
Алты қабат ор қазып,
Тереңдігін мол қазып,
Бекіткенін қарашы.
Қырық жерден құйдырып,
Болаттан соғып қақпаны
Алпыс батыр жапқаны.
Жер жүзіне жайылды
Ноғайлының көп елін
Шауып алып жатқаны.

Әлқисса, Қазанның бұл хабарын төменгі қырық мың үйлі Қиятта Сейілдің баласы Қараман батыр естіп, аттың жалын тартып, атадан ер болып туғасын, Ноғайлының жеріне қызылбастарды қондырып қоюымыз сүйекке таңба емес пе деп, елінен аттанып шықты.

Қырық мың үйлі Қияттан
Қырық мың әскер қол алып,
Ақ қара бас ту алып,
Қызылбасқа жол алып,

Көшірем деп Қазанды
Бұ да күшті мол алып,
Боз ат шалып құдайға,
Жұртын жиып қуанып,
Қияттан шыққан бес батыр:
Қарақозы, Аққозы —
Қатардан асқан қос батыр,
Қаражан ұлы Қосдәулет —
Топты бұзған бұл батыр.
Қара Боқан жауырыншы
Түнде қалың жол тартар,
Ғайыптан болжап сөз айтар.
Қарамандай батырдың
Қабағына қар қатты,
Кірпігіне мұз қатты,
Қазанның естіп хабарын
Ұйқы көрмей түн қатты,
Ноғайлыны алды деп,
Сүйекке таңба салды деп;
Өлейін десе жан тәтті,
Кірейін десе, көр қатты,
Қырық мың әскер қол алып,
Қайырын сұрап сапардың
Қызылбасқа жол тартты.
Қостанып шыққан қосынға,
Қараман батыр толғапты:
«Тілімді алсан, азамат,
Жаппарға жан аманат,
Қараспан тауын жайлаған
Қалың Қыпшақ елі бар,
Қобланды деген ері бар,
Дуа тиген керемет,
Атағы жұртқа мәлім ед.

Баса жүріп қонысын,
Барса ертіп алайық.
Ермесе бата сұрайық,
Жақсыдан тиер шарапат!
Жасы құрдас менімен,
Мұны мұндас менімен,
Жылы жылдас менімен,
Мақұл көрсен әлеумет,
Сөз айтамын шынымен,
Жүрейік соның жолымен!»
Ақылдасып көп Қият,
Мақұлдасып сонымен,
Баса жүрді жолымен.
Қараспан таудың етегіне
Келіп қонған Қараман
Ауыр әскер қолымен,
Көп әскерді көргесін,
Жай емесін білгесін,
Қобландыдай батырын
Енді атына мінеді,
Жақындап қарсы келеді,
Естемісті жіберіп,
Кім екенін біледі.
Естеміс барып қосынға
Достығына сенеді.
Батырға атой * береді,
Қобланды да келеді.
Қараманмен көрісіп,
Амандық сұрап білісіп,
«Жол болсын, құрдас», — дегенге,
Қараман құрдас не деді:

* А т о й — хабар деген мағынада.

Әлжисса, Қараман батырдың Қазанды алуға бара жатқандығын айтқан жері:

«Мен Сейілдің ұлы Қараман,
Қазанға кетіп барамын.
Жүрмеймісің, құрдасым,
Қол ағалық қыламын *
Замандасым, мұндасым,
Заманың бірге сырласым,
Жылың бірге жылдасым,
Жасың бірге құрдасым,
Қазанның алған шөһәріне
Сапар тартып жол шектім,
Жүрмеймісің жолбарысым?
Қобланды сынды, батырым,
Жасыннан артық ақылың,
Жұлдызың туған жоғары
Білемін, Қоблан, данасың!
Дұға тиген ер едің,
Кезіңе келген дұшпанның,
Білемін, Қоблан, оңбасың!
Осы қылған сапарға
Кетемін ертіп сені деп,
Әдейі келдім, жолбарысым!»
Сонда Қоблан сөйледі,
Әзіл айтып іледі,
Езу тартып күледі,
«Мінетін атым қолыңда,
Барар-бармас жолымды
Хабар салып алайын
Үйдегі Құртқам біледі.
Алты жыл болды баққалы,

* Қолға (әсжерге) бастық естемін деген мағынада.

Түндікпенен күн беріп,
Түтікпенен су беріп.
Бағымды бастан алмасын,
Алды-артымды шалмасын,
Қияметтік жолдасым,
Жан серік атым қолыңда,
Үйдегі Құртқам біледі
Менің де барар-бармасым».
Бұл сөзді айтып Қобланды
Шатырға қайтып келеді,
Келіп сөйлей береді:
«Мынау келген көп қосын
Сейілдің ұлы Қараман
Қазанға қылған жол,— деді.—
Алып келгін бурылды,
Жүр деп отыр бұл,— дейді.—
Барамын бірге мен»,— дейді.
Базарда бар ақ мата;
Ойнақтайды жас бота,
Бұл сөзімде жоқ кате,
Қобландының жанынан
Естеміс шыққан ел жата.
Тоқтарбайдың жанында
Құртқан тіккен отауға
Естеміс келді таң ата.
Таң сарғайып атқанда,
Шолпан жұлдыз батқанда,
Ақ отаудың ішінде
Құртқажан ұйқтап жатқанда,
Естеміс келіп сөз қатты,
Күн шыққан жоқ, таң атты,
Дауыстап тұстан сөйледі:
«Үйдемсің қыз Құртқа,

Түздемiсiн, кыз Күрткә,
Әйел болдын амал жоқ,
Егер еркек болғанда,
Болар ең жұртқа бір тұтқа.
Мiнген атым қызыл-ды,
Iс тағдырға сызылды.
Жол қылмаққа дұшпанға
Батырдың көңлi бұзылды.
Мiнуге керек қазанат,
Белiне керек шар болат,
Дегенге керек жалаңқат,*
Жаппарға жан аманат,
Жалғыз емес Қобланды,
Қияттан шықты қолқанат.
Батырын мiнiп шабуға,
Асыл туған, Күртқажан,
Жарамай ма, жарай ма?
Алты жыл баққан бурылат».
Сонда сұлу кыз Күртқа
Қылаң етiп, қылт етiп,
Сылаң етiп, сылт етiп,
Шекеде шоғы бұлт етiп,
Алтынды тоны жылт етiп,
Саулы iнгендей ыңкылдап,
Күшiгендей сынқылдап,
Сүмбiледей жылтылдап,
Буыны түсiп былқылдап,
Алтын қалпақ тулыға,
Шекесiнде жарқылдап,
Мақпал төсек мамыктан,
Алтын иек, ақ тамақ,

* Жалаңқат — киiм, жалаң шапая.

Көтерiп басын сөйледi,
Естемiс күлға былқылдап:
«Екi саулық, бiр козы
Берер едiм кырқарға,
Дүниедегi адамзат
Жан тоя ма iнкарға?
Жұмсады ма сiздердi
Үйдегi бурыл тұлпарға.
Дұғай сәлем дегейсiн,
Тұлпарына жұмсаған,
Жұрт иесi сұнқарға.
Және де сәлем дегейсiн
Қарамандай күрдасқа,
Заманы бiрге сырласқа,
Жылы бiрге жылдасқа,
Жауы бiрге мұндасқа.
Аттын күнi толмай тұр,
Зор салмасын жолбарысқа.
Мiнемiн көшке көк қасқа,
Саламын қамшы жамбасқа,
Бөрi де қастық қылмайды
Жанындағы жолдасқа!
Бәдiк * пенен той басқа
Ешкi менен қой басқа,
Шайтан менен жын басқа,
Бәйбiше мен күң басқа,
Туған ұл мен күл басқа.
Жұмсады ма сiздердi?»

* Бәдiк — қазақтың ескi әдет-ғұрпында, ауырған малды емдеу, малдың ауруының «иесiн» алдау, арбау, қуу үшiн айтылатын салт өлеңi. «Бәдiк» кейiнгi кезде ойын-сауықта қалжың, күлкi үшiн де айтылып жүрдi.

Біздей нашар жолдасқа.
Жолдасына жұмсаған
Бас құрмалдық дегейсің,
Қараспан тауды жайлаған
Халық иесі жолбарысқа!
Әуелі құдай алмасын,
Алды-артымды шалмасын.
Тілімді алса сұлтаным,
Бұл сапарға бармасын;
Бұл олжадан алмасын,
Көп жылдады дегейсің
Үйдегі нашар жолдасың!
Асқар тауда белдік бар,
Жасағанда кендік бар,
Азда қанша теңдік бар?
Құрдаста қанша елдік бар?
Сұлтаныма сәлем де,
Тілімді алса бармасын,
Біздің баққан бурылда
Қырық үш күндік кемдік бар».
Мұны естіп Естеміс
Кейін шауып жөнелді,
Жауабына кенелді.
Айтқанының бәрін де
Қобландыдай батырға
Бұлжытпай айтып береді.
Мынау сөзді естіп,
Қобланды барды құрдасқа,
Жүремін деген жолдасқа.
Сонда тұрып сөйледі:
«Әуелеп ұшқан қалбаймын,
Жаманның тілін алмаймын
Хак бұйырған сапардан

Жан құрдасым, қалмаймын.
Асыл досым, сөкпеніз,
Бұл сапарға бармаймын,
Бұл олжадан алмаймын.
Саған да сәлем көп айтқан,
Құрдасым, көңлің қалмасын,
Өтініш қылып зарлаймын.
Асқар төбе бел деген,
Ақ бармақпен жемдеген,
Өзінен басқа мінбеген
Бағып тұрған баласы,
Күтіп тұрған анасы,
Өзі әйелдің данасы,
Тұлпар туған бурылдың
Қырық үш күні кем деген».
Қарамаң сонда сөйлейді;
«Бұл барғаннан барсақ біз,
Қалың тобын жарсақ біз,
Біз Қазанды өлтіріп,
Қаласын бұзып алсақ біз.
Сұлуынан қызылбас
Қойынға бір салсақ біз.
Еркек болып не етеміз
Әр талапқа шығарда
Қатынға ақыл салсақ біз,
Қатынның тілін алсақ біз.
Есіктің алды ебене,*
Ерлер киер кебене,**
Кеткен кісі келе ме?
Алғанын тәңір бере ме?

* Ебене — шөптің аты.

** Кебене — киім деген мағылада.

Әр таләпка шығарда
Қатынға ақыл салған соң,
Қатын тілін алған соң,
Неше батыр болсаң да,
Арыстаным Қобланды,
Қатын да емей немене?!»
Қараман бұл сөзді айтқансын,
Қобландыдай батырдың,
Тері тамып иектен.
Түгі шығып білектен,
Жаны бір тулап жүректен,
Неше бір құрдас айтса да
Қараманның бұл сөзі
Өтіп бір кетті сүйектен.
Сөз сүйектен өткен соң
Тобылғы атқа ер салды,
Ақ алмасты қолға алды.
Қамшы басып сауырға;
Екпіні ұсап дауылға
Тобылғы менді торатпен
Қобланды шапты ауылға,
Қатуланып қаттанып,
Буырқанып бұрсанып,
Мұздай темір құрсанып,
Қабағынан қар жауып,
Кірпігінен мұз тонып,
Әр жақ пенен бер жаққа,
Найзасын ұстап бармаққа,
Аттанбаққа қалмаққа.
Батыр кейіп келеді,
Еш жазығы жоқ еді,
Бұлаңдаған Құртқанын.
Сөзге сынық қылдың деп,

Егер шықса алдынан,
Басын кесіп алмаққа.
Дарбазалы есікті,
Пайғамбардай несіпті.
Үйде отырған қыз Құртқа
Дүбірін аттын есітті.
Екпіні қатты кім болсын
Сұлтаным-дағы десіпті.
Түрегеліп бұлаңдап,
Ашып көрді есікті,
Көргеннен соң қамықты.
Құс төсекте мамықты,
Арпа, бидай қабықты,
Көтере алмас кедейлер
Жылына салған салықты.
Шыдай алмай қыз Құртқа
Және де ашты жабықты.
Жабықтан көзін салыпты.
Салса ерді таныпты,
Түсі суық көрінді,—
Ерге болған секілді
Бір сөзбенен жазықты.
Батырдан Құртқа қорққан соң
Төмен қарап жер шұқып,
Өксіп жылап қамықты.
Енді Құртқа сасады,
Бетінен қаны қашады,
Оң етегін басады,
Сасқан емей немене,
Аш күзендей бүгілді,
Құртқа жаннан түнілді.
Шыдай алмай қорққаннан
Есік пенен төріне

Неше кайта жүгүрдү.
Сасып жүрүп жөн тауып,
Акыл менен ой тауып,
Түтүкпенен су берген,
Түндүкпенен күн көргөн
Төрде тұрған Бурылдын
Басын шешіп алады,
Мойнына аркан салады,
Шылбырынан жетелеп,
Бурыл атты кыз Күртка
Кобландының алдынан
Бүландап кетип барады.
Бәйгеден келер көк дөнен,
Жеміне косып жеді өлөн,
Туғалы күндү көрмеген,
Түнектен шыккан Тайбурыл
Айдалаға шыккан соң
Түлкідей көзі жайнайды;
Қаруы сыймай қайнайды,
Көлдөнөң жатқан көк тасты
Сұлым ғой деп шайнайды.
Он екі құлаш кезеңнен
Атылып бурыл ойнайды.
Қыз Күртканы көтеріп,
Бурыл көкке екі ұшты.
Салмағымен қыз Күртка
Алып жерге бұл түсті.
Жазығы әйел демесен,
Күртка қыз да тым күшті.
Батыр жанына келгенде,
Қамығып Күртка сөйледі:
«Асқар таудың белдігі,
Аздың бар ма теңдігі?

Күрдастың бар ма елдігі,
Жалғыздарға жар болған
Алланың көп дүр кендігі.
Үш ұшар ең аспанға,
Бір ұшуың кем болды
Мен қайтейін бурылжан,
Қырық үш күннің кемдігі».
Кентті * жерді жайлаған
Үзілмейді базары,
Қайда қалмас жігіттің
Өлгеннен соң мазары,
Бурылды көзі көрген соң,
Кобландыдай батырдың
Күртқадан қайтты азары,
Бурылға түсті назары.
Кобланды сонда сөйледі:
«Көлден ұшқан қаз деймін,
Қаз жайлауын саз деймін,
Наурыздан ** соң жаз деймін,
Акылы жоқ мен — ақмақ,
Бүйтіп жүрген Күртқамды
Шауып тастай жаздаймын.
Сарайда, сарай, сарай бар
Сарайға қолды жеткізген
Қос өркешті қызыл нар.
Әр бендеге ылайық
Өзіне тәңрім қосқан жар.
Атымды бүйтіп баптауға,
Асылдан соққан сүнгімді,
Ырғай алып саптауға,

* Кент — қала.

** Наурыз — көктем айы.

Құртқадай болып мініскер,*
Жар тапқанша талай бар.
Батырдың сөзін есітіп,
Батыр жанына келгенде
Наз қылса да, қорқса да,
Құртқа сынды сұлуын,
Төмен қарап, жер шұқып
Өксіп жылап қамықты.
Қамыққанын көрген соң,
Сонда Қобланды сөйлейді:
«Қызыл тілім шешен-ді,
Қатардан басым көсем-ді,
Артықша туған, Құртқажан
Атың әйел десем де,
Басқа әйел болғанда;
Қауіпсіз болып тұрғанда
Кеудеден басың кетеді.
Менің көзім тіріде,
Ердің құнын жесең де,
Құртқажан, неге қамықтың
Жолбарысың мен есенде?!
Құс төсекте мамықты,
Арпа, бидай қабықты
Мені көріп, Құртқажан,
Қуанбасан, қамықпа,
Менің көзім тіріде,
Қараңғы түн ішінен
Шығарармын жарыққа!
Осы барған сапардан
Есен барып, сау қайтсам,
Әйел де болсаң Құртқажан;

* Мініскер — он саусағынан өнер таматын шебер, іскер кісі деген мағынада.

Хан қылармын халыққа!»
Сонда Құртқа сөйледі:
«Айдынды көлден қу аттым,
Дертке дәрі етіне.
Ойнап балық шығады
Айдын көлдің шетіне.
Қисең киім жарасар
Ақ патсадай етіне.
Талап етіп ойға алсаң,
Жеткейсін мұрат-ниетіне.
Сіздер сұңқар, біз қарға,
Сіз даладан келгенде
Ажырайып қарарға
Жарамаймыз бетіне.
Аға-інің сенің жоқ
Жазым болып келмесең,
Мен күйермін дертіңе».
Сонда Қоблан сөйледі:
«Жылқы ішінде аламын,
Қылшық жүнді қарамын,
Аға менен інім жоқ
Жеке туған дарамын.
Токтар менен Аналық,
Әулиеге ат айтып,
Қорасанға қой айтып,
Шыбын жанын және айтып,
Безіп дүние малынан,
Тірідей безіп жанынан
Тілеп алған баламын.
Жатпады деп бүгінше,
Өкпелеме, Құртқажан,
Кемпір, шалдың қойнына
Жатайын деп барамын.

Бұл сөзді айтып Қобланды
Тобылғы менді торы атпен
Дөңгелетіп жөнелді
Тоқтардын тіккен ордаға.
Көлге біткен жекен деп,
Бүршігі жоқ тікен деп;
Үйде отырған кемпір-шал
Жүгіре шықты далаға:
«Жалғызым келген екен»,— деп.
Көзі түсті балаға,
Бірден жылап екеуі
Баладан болды садаға.
Шылауына шырмалды,
Шылбырына оралды,
Оң тізгінін қолға алды,
Қобландыны жетелеп,
Үйге алып кеп түсірді.
Өлгенде көрген жалғызға
Шәрбаттың суын ішірді,
Жана айналып толғанып,
Кезек-кезек қолға алып,
Қобландыны кемпір-шал
Күн батпай-ақ жатқызды.
Жатқызды көрпе-төсекке,
Кезек-кезек сөз қатты,
Үндемей Қоблан тек жатты,
Тілеп алған жалғыз ұл
Кемпір-шалға тым тәтті.
Ол уақытта бенде жоқ
Қобландыдай сымбатты.
«Өзіме қара, қалқа»,— деп,
Ірге жаққа шал тартты,
«Өзіме қара, қозым»,— деп,

От жақтан кемпір бұл тартты.
Ортасында Қобланды
Алма-кезек домалап,
Шал-кемпірдің қойнында
Артық туған Қобланды
Кірпік қақпай таң атты.
Таң сарғайып атқанда,
Шолпан жұлдыз батқанда,
Кемпір-шалдың қойнында,
Қобланды ойнап жатқанда
Бәйгеден келген көк дөнен,
Түнімен ұйқы көрмеген,
Қобландыдай батырдың
Тоқтамасын білген соң,
Тайбурылдың үстіне
Алтыннан тұрман ер салып,
Аз ғана азық жем салып,
Ақ орданың алдынан,
Өткізді Құртқа көлденең.
Тайбурылды көргесін
Қобланды тұрды төсектен.
Өткен Бурыл есіктен,
Үйдің сырты жиылған
Ағайын-жұрты есіткен.
Жиылып жұрты жылады,
Халайық қайран қылады,
Жіберуге қимайды
Қобландыдай баланы.
Киініп үйден шыққасын
Халқы ортаға алады,
Жиылған жұртпен қоштасып,
Қобландыдай батырын
Тайбурыл атқа мінеді,

Беліне семсер іледі,
Ақ сауытын киеді,
Ноғай бөркін киеді,
Дүйсенбі күн сәскеде
Қараспан тауды бөктеріп,
Кешегі кеткен Қияттын
Қобландыдай батырын
Соңынан желіп жөнелді.
Токсандағы Тоқтарбай,
Алпыста шешесі Аналық,
Қарындасы Қарлығаш,
Қосақ жары қыз Құртқа
Төртеуі жылап соңынан,
Кескілей кет деп қолынан,
Қобландының артынан
Олар да еріп жөнелді.
Түстік жерге келгенде,
Қарындасы сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
«Халық ұйғарса қалмайсын,
Көңлің сүймей бармайсын,
Жалғыз ағам,
 жан көкем,
Сапарландың талапқа.
Ақ сұңқар сеніп ұшады
Құйрығы мен қанатқа
Сайға біткен қоқтымын,*
Бөрік үстінде шоқтымын.
Көкежан, қайтып келгенше,
Ел-жұртын есен көргенше,
Айтып кеткен құдайға

* Қоқты — көл жағалай шыққан қопалы өсімдіктер.

Қоңыр шұнақ тоқтыңмын.
Мен түсемін қиялға,
Нешік айла болады
Көзімнің жасын тиярға,
Көкежан қайтып келгенше,
Ел-жұртын есен көргенше,
Артында қалған мен нашар
Айтып бір кетші ниязға *
Көзге, көке, жас алдық,
Көкежан, қайтып келгенше,
Артында қалған мен сорлы
Болайын сенен тасадтық.**
Басымда бар алтын шок,
Көкешім барда көңлім тоқ,
Көкежан, сені көрмесем,
Басымнан өтер дүние бок!
Табаныма тиер шок.
Сізге деген құдайдың
Бізге болсын ажал оқ!
Ақ мандайда тұлымым,
Бірге туған құлыным,
Керекке біткен жауырын,
Бірге туған бауырым,
Қолқанатым, құйрығым,
Судан шыққан сүйрігім,
Суырылып озған жүйрігім,
Сізге деген құданың
Қабыл еттім бұйрығын!
Қозыдай менің егізім,

* Ниязға — құдайға, құрбандыққа шал деген мағнада.

** Тасадтық — құдайға сиыну, жалбарыну мақсатымен құрбандыққа мал ша-
лу, садақа беру.

Тел қозыдай сезімім,
Бірге туып, бірге өскен,
Кіндігімді бір кескен,
Қарға жүнді қаттасым,
Үйрек жүнді оттасым,
Бірге туған тектесім
Қысылған жерде демесім.
Торай толған түйең бар,
Қора толған қойын бар,
Оны кімге тапсырдың?!
Жерге сыймас жылқын бар,
Тоқсанда атаң Токтарбай
Алпыста анаң Аналық,
Жанкөке, кімге тапсырдың?
Өзіңмен бірге туысқан,
Тай құлындай тебіскен,
Бірге туып, бірге өскен,
Кіндігімді бір кескен,
Мен сорды кімге тапсырдың?
Бұл дүниеде мұңдасың,
Ахиреттік жолдасың,
Төсекте жатса сырласың,
Құдай қосқан қосағың,
Көктімнің қызы Құртқаны,
Женешемді кімге тапсырдың?»
Қолдакең сонда тарықты,
Батыр сөзге толықсып,
Көп ойлады халықты.
Қарлығаш даусы шыққасын,
Қобландыдай батырын.
Ақ найзаға сүйеніп,
Өксіп жылап камықты.
Қайта айналып, қаз қонар,

Ұя салған жеріне.
Әркім ойнап күледі
Өз уақытында теңімен.
Ақ найзаға сүйеніп,
Қарлығашқа көрсетпей
Жасын сұртті жеңімен.
Сонда тұрып сөйледі,
Сөйлегенде бұй дейді:
«Тауда болар тарғыл тас,
Тарықса шығар көзден жас,
Тар қолтықтан оқ тисе,
Шығады сүйеп қарындас.
Қарындасың болмаса,
Жауда қалар ғазиз бас.
Арқанды жапқан қолаң шаш,
Айналайын, Қарлығаш,
Айтқан сөзге құлақ ас!
Мен кешігіп келмесем,
Сендерді мұндай жылатпас
Қалың қыпшақ, қарындас!
Қарлығаш сенен айналдым,
Ағызба, қалқам, көзден жас!
Жасынды тишы көзіннен,
Сай сүйегім сырқырар,
Жанкөке деген сөзіннен!
Бір сүйгізші, шырағым,
Жаудыраған көзіннен!
Атадан тақ баламын,
Жауға кетіп барамын,
Жасым үлкен ағамын,
Әлдеқандай боламын,
Әйел де болсаң, бір тудың
Нашарсынып нетейін!

Мойнынды бұршы, Карлыжән,
Көкен сүйсін бетіннен,
Армансыз болып кетейін!
Қарындасым, Қарлыжан,
Тоғай толған түйемді
Сарысуға тапсырдым.
Желі толған жылқымды
Жасанған жауға тапсырдым.
Қорам толған акты қой,
Ашбөріге тапсырдым.
Азу тісі балғадай
Жас бөріге тапсырдым.
Токсанда атаң Тоқтарбай,
Қүдіретіне тапсырдым.
Алпыста анам Аналық,
Бибібатимаға тапсырдым.
Шырағым сені, Қарлығаш,
Қарашаш ханымға тапсырдым.
Қосақ жарым Құртқаны
Балуан қызға тапсырдым.
Сендер төртеу, мен жалғыз,
Айналайын, Қарлығаш,
Көкенді кімге тапсырдың?»
Қарындасы сөйледі:
Сөйлегенде бұй дейді.
«Бұл жібердім базардың
Бояғы менен бөзіне,
Салса жылқы тоқтайды
Арқаның бөрі көзіне,
Құлақ сал, көке сөзіме
Осы барған сапардан,
Жанкөкем есен келгенше,
Ел-жұртын есен көргенше,

Он сегіз мың ғаламға
Падиша болған хақ жаббар,
Тек тапсырдым өзіне!
Қарлығаш және сөйледі:
Басымнан дүние өткен-ді,
Көрінбесең көзіме,
Құлақ сал, көке сөзіме.
Ата-анасын көргенше,
Қалқамбысын дегенше?
Мен көкемді тапсырдым
Он сегіз мың ғаламның
Падишасы, өзіне.
Қараспан тауын жайлаған
Біздің қалың көп Қыпшак,
Көкемнің оңғар сапарын
Жасаған құдай, беріп бак.
Алды-артында сүйеу жоқ,
Атадан, көке, тудың так,
Сіз тұрғанда көңлім шат,
Сапарыңнан қайтқанша,
Аман-есен келгенше,
Мен көкемді тапсырдым
Он сегіз мың ғаламның
Падишасы, жалғыз хақ,
Көп қайырың тиеді,
Елінде қоңсы-сыбайға.
Көз салмадың, жан көке,
Бірге туған жұбайға.
Адалдан жиған малыңды
Залымдарға тапсырдың,
Осының, көке, ұнай ма?
Көкем есен келгенше,
Ата-анасын көргенше,

Жалғызымды тапсырдым
Бір жаратқан құдайға».
Қарлығаш айтып болғасын
Құртқа келіп не деді?
Ел жайлаған еп еді,
Зарлы-мұнды көп еді,
Жалғыз ұлдан айрылып,
Кемпір мен шал жүдейді.
Бұлаңдап келіп жанаса
Енді Қоблан сұлтанға
Сұлу Құртқа сөйледі:
Иреуі жоқ күмісім,
Жасаған қосқан белесім,
Ойын менен күлісім.
Сұлтаным, сізге бас қосып,
Кенейіп еді өрісім.
Алтыннан соққан кебісім,
Сегіз ұрмақ бейшім,
Қауыз, қаусар суындай
Бейіштен шыққан жемісім;
Арыстаным, аман бол.
Осы барған сапардан
Қиын болар келісің!
Жылқы ішінде аласың,
Қылшаң жүнді қарасың,
Ағаң, інің сенің жоқ
Жеке туған дарасың.
Атам менен енемнің
Дүние безіп малынан,
Тірідей безіп жанынан
Тілеп алған баласың.
Сөйткен бала тастар ма,
Атасы менен анасын!

Сұлтанымның мензеймін
Тоқтамасқа шамасын.
Кетер болсаң, сұлтаным,
Енекемнің еміп кет,
Төсінде екі мамасын.
Сабындаса ағармас,
Іштен туған қарасын,
Құдай қисық жаратты,
Кімнің тілін аласын.
Өз дегенің болмаса,
Жөнге көнбес, баласың!
Тіл білмеген дұшпанға
Жалғыз кетіп барасың.
Қош, сұлтаным, аман бол,
Әлде қандай боласың?
Асқар төбе, бел дерсін,
Тайбурыл атпен желерсін,
Жақсы-жаман қадірін
Құртқаның сонда білерсін.
Құртқаның сөзіне сенерсін,
Кешегі кеткен Қияттан
Он екі күн бұрын барарсың.
Қазан алған қос қала,
Қырлы-қала, Сырлы-қала деп,
Сырлысын бұрын аларсың,
Жалғаса біткен жанында
Қасқарлық деген тауы бар,
Басына оның шығарсың.
Атыңды көкке қаратып,
Кіндігінен жаратып,
Жата бергің, сұлтаным.
Қараман атты құрдасың
Қазанның Қырлы қаласың

Аламын деп алалмас,
Алты қабат орынан
Қарғытып ішке ене алмас.
Қақпаның аузын аша алмас.
Қайраты жетіп таса алмас.
Тауда жатқан өзіне
Қараман келер құрдасың,
Катын деп кеткен сөзіне,
Бетіне сонда соғарсын.
Асқар төбе белдігі,
Аздың бар ма теңдігі?
Құрдастың бар ма елдігі?
Астыңдағы бурылдың
Көбіктінің екі аты
Үйіріне қарай қашқанда,
Сол уақытта көрінер
Қырық үш күндік кемдігі.
Асқар төбе бел дерсін.
Тайбурыл атпен желерсін,
Жақсы-жаман қадірін
Құртқаның сонда білерсін.
Тоқсанға келген атамның
Бұтында жоқ штаны,
Тізесіне тон жетпей,
Қызылбастың елінде
Қаратабан болып жүргенде,
Сұлтаным, сонда келерсін.
Алпыста анаң Аналық
Арқан есіп, жүн түтіп,
Кұрт қайнатып жүргенде
Қайғыменен қан жұтып,
Сұлтаным, сонда келерсін.
Қарындасың Бикешжан



Әбдестесі * жанында,
Бес кесесі қолында,
Белдемшесі белінде,
Қызыл бастың елінде
Шай қайнатып жүргенде.
Сұлтаным, сонда келерсін!
Көк етіктің мықтысы,
Күзгі жердің шықтысы.
Сенен қалған мен сорды
Бір дұшпанның мықтысы
Аламын деп тұрғанда,
Қараңғы үйге салғанда,
Көңілге қайғы толғанда,
Сұлтаным, сонда келерсін!
Мінген атың ақ табан,
Айтулы едің мақтаған,
Құданың ісі көп шығар
Өлмегенге сақтаған.
Алла қосып, сұлтаным,
Сапарландың талапқа
Қош аман бол, алла жар,
Жалғызымды тапсырдым
Құданың досты пайғамбар!
Мерген байлап оқ атар,
Ұшқан көлдің қуына,
Иманды құл кез келер
Қаузы, қаусар суына.
Бұл дүниеде келмесең,
Құртқамбысын демесең,
Қазан жетіп бұл жолда
Хаққа дүзеп бетінді,

* Әбдесте — сулық, қол сүртетін орамал.

Арыстаным, жөнелсең,
Жұбайым бар деп еске алсаң;
Сұлтаным, сонда мені ізде,
Табысайық мақшарда,*
Пайғамбар тіккен тауында.
Сол уақыттар болғанда
Шешесі келіп жылайды.
Қобландыны құшақтап
Көздің жасын бұлайды.
«Он сегіз мың ғаламға,
Патша болған хақ жаббар,
Есіт мынау сөзімді,
Он үш жасар Қобланды
Ерінбей сүйер кезімде,
Кітаптардың ішінде
Қырық пайғамбар аты бар,
Қырда Қияс пайғамбар
Ойда Илияс пайғамбар,
Сізден басқа кімім бар?!
Бас-басыңа бір жандық,
Дем бермесең, біз қалдық.
Асқар төбе бел өттік,
Белден асып ел кеттік.
Әулие-аруақ, салсаң көз
Ата жолын тербеттік!
Бір жылқыдан кем шаппас
Келінжан баққан Бурыл ат!
Денеге окты дарытпас
Дәуіт сокқан жалаңқат.
Асыңғаны жаныңа
Қынабының сабы алтын,
Ұстар жері сары алтын,

* Мақшарда — о дүние мағнасында.

Қынаптан шықса қылт еткен,
Тасқа салса лып еткен,
Шүберектей қуарған,
Қайтпасын деп тау-тастан
Заһарға салып суарған,
Балдағы алтын шар болат.
Шырағымның шыбын жан
Жасаған саған аманат!
Ақ сұңқар құс мақтанса,
О да бір күн кез келер,
Құсбегінің торына.
Арғымақ ат мақтанса,
О да бір күн кез келер
Қаланың қазған орына.
Ықлас атты Шәшті Әзіз,
Осы кеткен қозымды
Тек тапсырдым қолыңа.
Қозымды жықпа орыңа,
Жолықтырма зорыңа!
Алпыс жасқа келгенде
Қобландыдай ұл тапқан
О да менің сорым ба?
Осы барған сапардан
Есен барып сау қайтсаң,
Егіз туған көк қошқар
Ол да сенің жолыңа!
Егіз туған көк бура
О да сенің жолыңа.
Көл иесі, Қамбар-ай.
Шөл иесі, Қамбар-ай,
Қамбар, өзін қолдасаң,
Қолдамайтын кім бар-ай!
Қазанға қайдан жол қылдың

Қараман деген заңғар -ай!
Қала қоймас бурыл ат
Қатар шапқан жарыстан.
Жақын емес, шырағым,
Жау іздедің алыстан.
Қыс болғанда жылқы ықпас
Көлге біткен қамыстан.
Осы кеткен қозымды
Өз қолыңа тапсырдым,
Ғали атты арыстан!
Аязды күн айналған,
Бұлтты күні бұрылған,
Айқара бесік таянған,
Дыбысы шықса оянған;
Алтыннан бесік ойдырып,
Ақ торғынға бөлеген,
Өлгенде көрген көбеген,
Ел тілегін тілеген,
Қабырғам жездей қайысқан,
Көтергенде бесіктен.
Он саусағым майысқан.
Тас емшегім жібіткен,
Тар құрсағым кеңіткен,
Балапан қаздай ерткен.
Алсам қолым талдырған,
Сүйсем мейрім қандырған,
Денемнен шыққан балдырған
Шаһизанда қазірет,
Жарылқаушы күдірет,
Қызылбас басқа, біз үмбет,
Қозымды сізге тапсырдым
Алланың досы, Мұхамбет,
Жалғызыма жәрдем ет!»

Сонда Қоблан сөйледі:
«Қой, шешеке, жылама,
Жылағанмен бола ма?
Мен сапардан қайтқанша
Ата-анам, ел-жұртым,
Тапсырдым енді құдаға».
Қараман кетті жиып қол,
(Сөйлейді сөзді оңды-сол).
Қобландыдай батырға
Жиылып халық, беріп қол,
Жылаумен қалды кемпір сор!
Токтарбайдай шалыңыз
Көзі-басы іріндеп,
Буындары дірілдеп,
Жүре алмады болып қор.
Орта жолда зарлайды
Қайрылып Қоблан бармайды.
Жалғызыма жар бол деп,
Жад қылады жәббар құдайды.
Қала берді кемпір-шал,
Аруақтарға жалынып!
Қобланды мінген Тайбурыл
Шиыршық атып ойнайды,
Атандай төсті салынып.
Айт жануар, шу! — деді.
Құбылып бурыл гуледі,
Табаны жерге тимеді,
Құлақтың түбі терледі,
Тер шыққан сайын өрледі,
Көлденен жатқан аңғарды
Жерошақ құрлы көрмеді.
Атына көңлі біткесін
Батыр Қоблан сөйледі:

«Әуелі алла анайым,
Хақ жаратқан құдайым,
Үйдегі Құртқа жұбайым.
Жарым олқы болды деп,
Жемеймін тіпті уайым.
Құртқажан «тұлпар» деп еді
Айтқан сөзін сынайын.
Жайын қалай, бурыл ат?
Қолтығыңда қос қанат,
Үстінде мен аманат.
Үкілі құйрық, майда жал,
Сөзіме менін құлақ сал,
Алтын, күміс қият жал,
Лебізін сенің сары алтын,
Үстіндегі түгіннің
Жары күміс, жары алтын.
Жан серігім, бурыл ат,
Терлемесің күн салқын.
Жылқыда тұлпар сен едің,
Жігітте сұңқар мен едім,
Қыдыра жалды, қыл құйрық,
Сенен озбас деп едім.
Екі аяқты, бір басты
Менен озбас деп едім.
Біздің ауыл ағыста,
Есебі жоқ алыста,
Азулының бойында
Жылқылары қамыста,
Қатын Қоблан қалды деп,
Кешегі кеткен Қиятқа
~~Қоямысың намысқа?~~
Жан серігім, бурыл ат,
Барыңды бүгін қарышта!

Қаса тұлпар ат болсан,
Ұшқан құстан қалыспа.
Қырық күншілік Қазанға
Бір-ақ күнде жетуге
Сіздей малға алыс па?
Бұл жібердім базардың
Бояғы менен бөзіне,
Салса жылқы тоқтайды
Арқаның бөрі көзіне.
Жан серігім, Бурыл ат,
Сал құлағың сөзіме,
Қырық күншілік Қазанды
Көрсетші бүгін көзіме!
Көрсетпесең көзіме,
Онда Құртқа, мен мұнда
Қалар көңлім өзіңе!»
Құралайдың талына,
Алуа, шекер, балына,
Тобылғы сапты қамшымен,
Тартып-тартып жіберді,
Тайбурылдың санына.
Жан серігі Бурылдың,
Жаман батты жанына.
Жанына батпай не қылсын
Қарға, құзғын тойынды,
Санынан аққан қанына.
Қобландының қамшысы
Тайбурылға шын батты,
Шыбын жаны тым тәтті,
Санына қамшы батқан соң,
Қаны судай аққан соң,
Жоғарғы ерні жыбырлап,
Төменгі ерні қыбырлап,

Тайбурылға тил бітті,
Тайбурыл сонда сөйледі:
«Тауға бітер емен, тал,
Кімге келмес кремсал.
Наз бедеу атқа бітер жал,
Аямай тарттын қамшыңды,
Өлмесем де кеудемнен
Шыға жазды шыбын жан,
Батыр туған, Қоблан нар!
Қызылбастың шәһәріне
Мұнша болдың ынтызар!
Ата, анадан жалғыз тақ,
Жалғыздық кегін менен ал.
Төрт аяғым тең жорға,
Тізгінім тартпай сал жолға,
Үстімде сен есенде,
Астыңда өзім аманда,
Қажу бар ма мен сорға?
Ат қылып тәңірім жаратты,
Сен секілді сыбайға,
Қысылған жерде ер жігіт,
Бір тәңірге жылай ма?
Қырық күншілік Қазанға
Бір-ақ күнде жет дейсің,
Ұшқан құсқа оңай ма?!
Қиын да болса Қобланды ер
Қиналармын, қайтейін,
Уағаданыз солай ма?
Намаздігер өткенше,
Намазшамға жеткенше,
Қазанның сырлы қаласын
Көрсетпесем көзіңе,
Түсірмесем жүзіңе

Жан серігін Бурылды
Сол жерде шал құдайға!»
Бұған Коблан куанып,
«Шырағым бурыл, шу!» — деді,
Құбылып бурыл гуледі,
Табаны жерге тимеді,
Тау менен тасты өрледі,
Төрт аяқты сермеді,
Құлақтың түбі терледі,
Тер шыққан соң өрледі,
Адырды көзі көрмеді.
Көлденен жатқан көк тасты
Тіктеп тиген тұяғы
Саз балшықтай иледі.
Қараша емес қауысты,
Қоныраулатып дауысты,
Жақын қылды алысты.
Берсін кімге намысты,
Күн төбеден аумай-ақ
Түзеді бурыл шабысты.
Қос құлағы тігілді
Қайырға біткен камыстай,
Түс ауған соң бүгілді
Илеуі жеткен қайыстай.
Байлаулы малдай шешілді,
Төрт аяғын көсілді,
Әрбір сымдай есілді.
Кешегі кеткен қосынға
Жетемін деген Қобланның
Жок еді тіпті есінде.
Бұландаран Бурылмен
Артық туған Қобланды
Аңқып жетті бесінде.

Қол соңында барады,
Қарабұқан жаурыншы,
Бұқанға келді — «арма!» — деп,
«Алдында кісі бар ма?» — деп,
Қарабұқан сөйледі:

«Жылқы ішінде аланы,
Жоқтап едік Қоблан баланы,
Аты қалар деймісін
Өзіннен үлкен ағаны?!
Осынау белдің астында
Қосдәулет кетіп барады».
Тайбурыл атты құтыртып,
Оған да келді сыпыртып,
«Үлкен едің — арма!» — деп,
«Алдында кісі бар ма?» — деп,
О да айтады — аланы,
«Жоқтап едік Қоблан баланы,
Қылшық жүнді қараны,
Осынау белдің астында
Аққозы кетіп барады».
Тайбурылды құтыртып,
Оған да келді сыпыртып,
«Үлкен едің — арма!» — деп,
«Алдында кісі бар ма?» — деп,
Ол да айтады, аланы,
Қылшық жүнді қараны,
«Адасты деп ойлап ек
Қобланды сынды баланы.
Осынау белдің астында
Қарақозы кетіп барады».
Тайбурыл атты құтыртып,
Оған да келді сыпыртып,

Оған да келіп — «арма!» — деп,
«Алдында кісі бар ма?» — деп,
Қарақозы сөйледі:
«Алыстан айқын көрінген
Жылқы малдың аласы,
Ағынан көп-ті қарасы,
Ондаса құдай сапарды
Бенденің болмас шарасы.
Қызыл тілді сөйлеткен
Қаусырма жақтың арасы.
Жеткен-ді деп ойлаймын
Өз көңлімше шамасы,
Кешегі қонған мезгілден,
Шапқаннан бері, шырағым,
Көрінген жоқ көзіме
Құрдасынның қарасы».
Көктем мезгіл болғанда
Көктен құйған тамшыдай,
Шебер қыздың қолында
Балдағы алтын қайшыдай,
Қарамандай құрдасы
Кетіп қалды деген соң,
Бұлаңдаған Бурылға
Тағы да басты қамшыны-ай.
Найзасы аумақ қолынан,
Жұлдыз туып оңынан,
Қобланды сонда шу! — деді,
Құбылып Бурыл гуледі
Қараманның соңынан.
О да кетіп қалыпты
Үздік озып қолынан.
Беті қайтпай барады,
Сапар еткен жолынан,

Тайбурылды гулетіп,
Келіп жетті сонынан,
Қобланды жетіп сөйледі:
«Болғаның ба досым-ай,
Мақтаған атың осыма-ай?
Он екі күнде келерсің
Менің бүгін кеште тіккен
қосым-ай!

Жағалай таудың татыры-ай,
Жарасар тіккен шатыры-ай,
Анау күні қатын деп
Қарамай кеткен батыр-ай!
Көрдіңіз бе, Қараман,
Қатынның баққан атын-ай.
Қатын да болса, білдің бе?
Құртқаның асыл затын-ай!
Қатынның баққан атын-ай,
Қапыда қалма, батыр-ай!
Жүрмейсің бе Қараман,
Үш күн кейін соң қалып,
Мен де озып барамын,
Қалсаң, өлім жақын-ай!»
Қобланды гулеп жөнелді
Көп Қиятқа қарамай,
Қалың Қият-көп қосын
Бәрі қалды артында
Бірі еруге жарамай.
Сонда Бурыл гуледі,
Табаны жерге тимеді,
Көлденең жатқан көк тасты
Тіктеп тиген тұяғы
Саз балшықтай иледі.
Аманбайдың ақ тікен,

Асып Бурыл жөнелді,
Қарсы келген қабақтан,
Қарғып басып жөнелді.
Сенгір-сенгір таулардан
Секірте басып жөнелді.
Ол төбе мен бұл төбе,
Бауыры шұбар көл төбе,
Онан да өтіп жөнелді.
Қамыстының қазды көл,
Қоғалының қулы көл,
Шегендінің желді көл,
Шағалалы шалқар көл,
Қызғыштының Қызды көл.
Құмра, қотан Қос көлден,
Айналасы бес көлден,
Бәрінен өтіп жөнелді.
Құдердің кара дөңінен
Бесін де өтті деңінен,
Барлы-барлы, барлы тау,
Басы биік, қарлы тау,
Хан жайлаған Қаратау,
Би жайлаған Алатау,
Онан да өтіп жол шекті-ау.
Түйе мойнақ иір тау,
Қыз емшекті сүйір тау.
Атасу мен Манащы
Мал оттауға оты ашы,
Ішейін десе суы ашы,
Мұнан-дағы жол шекті.
Қампай-құмпай қасынан,
~~Жем, Темірдің басынан,~~
Колбағайлы шөлдерден,
Қасқалдақты көлдерден,

Асқар-асқар белдерден,
Айдын шалқар көлдерден,
Қан сасыған жерлерден,
Тобылғылы нұрадан,
Сексеуілді жырадан,
Баялышты құмайттан,
Бүлдіргенді шынайттан
Жалғыз шауып жол шекті.
Астына мінген бурыл ат
Жауатын күндей күркіреп,
Жаңбырдай тері сіркіреп,
Құбылып ойнап жер басты.
Алдыңғыдан артқысын
Сынық сүйем кем басты.
Жалғаса ұшқан қоңыр қаз
Тозаңынан адасты.
Асқар төбе бел еді,
Бір шауып, бір желеді,
Құбылып ойнап жер басып,
Дөнгеленіп келеді,
Садақтың бауы сартылдап,
Масатыдан шалбардың,
Сала құлаш балағы,
Алтынды зермен көмкерген,
Жел сокқандай жалпылдап,
Белеңнен асты былқылдап,
Тозаңы шықты бұрқылдап,
Аттың жолы қазылды.
Ұмтылғанда қысылып,
Бес жүз құлаш жазылды,
Бурыл көкке секірді,
Омырауда тері көпірді,
Шаба-шаба шатылды,

Табаны тиіп ұшқан тас,
Қызылбас мылтық оғындай
Аспан көкке атылды.
Тақиядай көрмеді
Үстіндегі батырды.
Бұлаңдаған Бурылдың
Маңдайында масаты бар,
Марал ішсе таусылмас.
Құйрығында құдық бар,
Құлан ішсе таусылмас.
Арандай аузын ашады
Аяғын топ-топ басады,
Бір төбенің тозаңын
Бір төбеге қосады.
Кешке таман Тайбурыл
Жын қаққанға ұсады,
Құлан менен құлжаның,
Ұзатпай алдын тосады,
Көл жағалай отырған,
Көкқұтан мен карабай
Көтеріліп ұшқанша,
Белінен басып асады.
Дуадақ пен жек қалды,
Әлде өтірік, әлде шын
Ақ сұңқар мен ылашын,
Өлген құсты жеп қалды.
Ебелек ұшпас елсізден,
Көбелек ұшпас көлсізден,
Құла мидай шөлдерден,
Адам жүрмес жерлерден,
Батпақ ылай көлдерден,
Асқар-асқар белдерден
Жалғыз шауып жол шекті.

Үмітін үзіп келеді.
Қараспан тауды жайлаған,
Қалың қыпшақ елдерден.
Намаздігер өтті енді,
Мезгілі шамның жетті енді,
Кобланды мен Бурылдың
Уәдесі бітті енді.
Көріне ме шәһәр деп
Ілгері қарап күткен-ді.
Сол уақыттар болғанда,
Белес-белес бел көрді,
Бел астында ел көрді.
Бидайықты ақтатыр
Ақты, бозды, қой жатыр;
Тіктен шауып қалаға
Қоблекем келе бұл жатыр.
Құланның атты қодықты,
Көлден тартты борықты,
Жетемін деп торықты,
Намазшамның кезінде,
Бес ағаштың түбінде,
Қазанның салған жылқыға
Ағыны қатты бурылмен
Аңқытып келіп жолықты.
Көкалалы көп жылқы,
Бөрі құлақ ен жылқы,
Гулетіп жылқыны алады,
Айқайлап жиған көп жылқы
Бір уыс болып қалады.
Жылқыны жөнге шығарып,
Қазанның сырлы қаласын
Қайта айналып шабады.
Бетіне қалқан далдалап,

Шәһәріне шәпты аллалап.
Қаланың аузын кандатып,
Көшенің аузын шандатып,
Қақпадан атын қарғытып,
Кіндіктен оғын сырғытып,
Туырлығын тоқым қып,
Керегесін отын қып,
Мал шығармай далаға,
Ел шығармай салаға,
Жау бетінде жад қылып,
Жеті кәміл бабаға,
Өтірік емес, жан аға,
Қазанның Сырлы-қаласын
Бұзып, жарып Қоблекен,
Он екі күн дегенде
Жалғыз жанды құтқармай
Айдап шықты далаға.
Құлақ салмақ сауап-ты
Бес уақытты азанға,
Төрт құлақты Қазанға,
Ителгі құстың тырнағын
Мың сан қарға жазар ма?
Сырлы-қаланы алады,
Адамын жөнге салады,
Қаланың қиғаш қасында,
Қасқарлық таудың басына,
Бұлаңдаған Бурылмен
Батыр Коблан шығады,
Құртқаның сөзін сынады,
Жан-жаққа көзін салады,
Батырдың көзі шалады,
Қалың Қият, көп қосын
Он екі күн дегенде

Олар да келіп қалады.
Өзі жатқан Қазанның
Қырлы дейтін қаласын
Қырық мың қолды әскермен
Алты қабат орынын
Сыртынан орап алады.
Қараман атты батырдың,
Аламын деп алалмай,
Алты қабат орынан,
Қарғытып ішке ене алмай,
Қақпаның аузын аша алмай,
Қайраты жетіп таса алмай,
Үш күн тұрып сыртында
Болдыра алмастай болған соң,
Енді атына мінеді,
Мініп алып атына
Тауда жатқан батырға
Қараман өзі келеді.
Келіп сөйлей береді:
«Айбалтам тасқа өтпейді,
Жамандар сөзді кектейді,
Жүрмейісің, құрдасым,
Қызылбастың еліне
Сенсіз күшім жетпейді!»
Сонда Қоблан сөйледі:
«Асқар ма екен, тау ма екен?
Арғымақ па екен, ат па екен?
Жая ма екен, жал ма екен?
Шекер ме екен, бал ма екен?
Ер бұзбаған қамалды
Қатын бұзған бар ма екен?
Мал салдым базар бөзіне,
Салса жылқы тоқтайды

Арқаның бөрі көзіне,
Ерді қатын дей ме екен,
Не деп айттың өзіме?
Сен бір айтпай үш айттың,
Келмеді ме кезіне?
Көрінбе менің көзіме.
Неше батыр болсаң да
Үйде қалған Құртқаның
Сатса алмаймын өзіне.
Өзі түгіл Құртқаның,
Сағынғанда алмаймын
«Қалқамжан деген сөзіне»
Қобланды бұл сөзді айтқасын
Қараман құрдас өкпелеп,
Көрмеймін деп жер тепкілеп,
Наза боп қайтып жөнелді.
«Алсам, мұны алармын,
Алмасам, өліп қалармын,
Қатыныңның тілімен
Жүр ме едің әлі де кекті деп».
Қобландыдай батырдың
Жая да емес, жал-ды деп,
Шекер де емес, бал-ды деп,
Бір қатынның тілімен
Құрдасым көңлі қалды деп,
Аршын басты Бурылмен
Аңқытып желді соңынан,
Іс келеді қолынан,
Былқылдап Қоблан желеді,
Соңынан жетіп келеді.
Қобланды батыр келгесін,
Сыбағамды бердің деп,
Қараман құрдас күледі.

Қуанғаннан батырдың
Төбесі көкке тиеді.
Қараман, Қоблан қосылып,
Қосынға келіп енеді.
Ордың мініп басына,
Қаланың келіп қасына,
Қобландыдай батырын,
Тайбурылға сөйледі:
«Мал саттым базар бөзіне,
Салсаң құлақ сөзіме,
Салсаң жылқы тоқтайды,
Арқаның бөрі көзіне,
Жая қандай, жал қандай?
Шекер қандай, бал қандай?
Екеуміз жолдас болғалы
Бүгін емес бірталай,
Анаңыз тұлпар деуші еді,
Алты қабат орынан,
Жетінші қабат қалаға,
Қарғытамын, Бурылым,
Қарғимысың жай қандай?»
Жоғары ерні жыбырлап,
Төменгі ерні қыбырлап,
Екпініменен сыбырлап,
Сонда бурыл сөйледі:
«Артыңда қалды еліңіз,
Болды ма менде кегіңіз?
Шешем Құртқа деген соң,
Сатылмайды теріміз,
Көңілде жоқ кіріміз,
Қысылған жерде дем берсіп
Жылқышы Қамбар піріміз,
Көңіліңе алсаң қоймайсың

Қайсар Қоблан шеріміз.
Салған қолқаң сол болса,
Қобланды сынды еріміз,
Қарғысам қарғып көрейін,
Қарғи алмасам, өлейін,
Тәуекел етіп көріңіз».
Мұны естіп Қоблан,
Бурыл атқа «шу!» — дейді,
Бүктеле беріп жазылып,
Бурылы бұлқып гуледі,
Алты қабат орынан
Жетінші қабат қалаға
Қояндай ырғып жөнелді.
Ортасына шәһерінің
Бурылы барып топ етті,
Жердің шаңы бұрқ етті,
Ат тұяғы тиген жер
Тесіле жаздап солқ етті.
Қалаға Қоблан кіргесін,
Ерлігімен кіріп кеткесін,
Бала да болса келбетті,
Ене алмай қалды Қараман,
Ордың сыртын айналып,
Мандай шып-шып терледі,
Ене алмағасын қиналып.
Көп әскерді көргесін,
Жау екенін білгесін,
Шәһәрі жұрты жиналып,
Қазан ханы бас болып,
Ұрысуға сайланып,
Жатыр екен жиналып.
Арқада бар бөрі көз,
Жақсыда ғой тәуір сөз,

Неге ұмытсын көрген көз,
Арыстан туған Қобланды
Көп әскерге келді кез.
Арыстан туған Қобланды,
Көп әскерге келгенде
Қырық мың атты қызылбас
Қолына жасыл ту алып,
Арыстан туған Қобланды
Ақ білегін сыбанып,
Көңілі тасып келеді
Жауды көріп қуанып.
Сол уақытта алдынан
Қара қасқа ат мінген,
Құйрық, жалын шарт түйген,
Алдына дабыл төңкерген,
Артына сауыт бөктерген,
Аламанға дем берген,
Азды көпке теңгерген,
Қара бөрік қалпайған,
Қайратымен мал жайған,
Қысқа күнді қырық шапқан,
Тері тонды теріс артқан,
Қызыл басқа жан тартқан,
Қазақ десе, оқ атқан,
Қабағына қар қатқан;
Кірпігіне мұз қатқан,
Он екі күнде бір жатқан,
Он үш күнде бір татқан,
О да айтулы ер еді,
Қызылбастың елі еді,
Құдайдан дұспан сұраған,
Жау көрмесе, қураған,
Найзаның ұстар жеріне

Қолыма жұмсақ болсын деп,
Топтап барқыт ораған,
Шын қаһарына келгенде
Жауған қардай бораған.
Суда болар ақ сазан,
Молдалар айтар бес азан,
Үлкендете жолымен
«Қашпа бала, қашпа»,— деп,
Алдынан шықты ер Қазан.
Хан шыққансын кім қалсын,
Ханның ұлы Қарауыл,
Бектің ұлы Беқауыл,
Хан жігіті жасауыл,
Хан қасында сайдақтар,
Қатыны жоқ бойдақтар,
Отыз төрт қызыл бас,
Үй басына он сомнан
Жатып жеген бейбақтар.
Мысық құлақ мылтық қолында
Қара сұңқар қойнында,
Бәйгіден келген дөнені,
Бұл шәһбаздың * гөзелі **,
Талай батыр ұмтылған,
Қаланың аузын қандатып,
Солдатын жау андатып,
Қызылбас болып қол алып,
Қобландыға жол алып,
Әскер мезгіл болғанда
Қырық мың әскер қол шықты,
Қазан хан бас болып,
Он кісіден қос болып.

* Шәһбаз — сабаз, ер деген мағынада.

** Гөзел — сұлу, көркем деген мағынада.

Аркада бар бөрі көз,
Жаксыда бар тәуір сөз,
Қолды бастап шығарып,
Қазан сынды батырын
Қобландыға келді кез.
Өзі жеке келгенсін,
Қайысбасын білгесін
Басын тартып кара аттын
Қобландыдай батырға
Бір-екі ауыз айтты сөз:
«Алатаудың қырғызы,
Қигенің ала қырмызы,
Ат саурысын басыпты,
Көп шабысты көргендей.
Атанды сұрасам, кім деймін?
Анаңды сұрасам, кім деймін?
Қабак қанын тасыпты
Түн ұйқыңды белгендей.
Қай шәһەرге барасын?
Қай орынға қонасын?
Бурыл атты, жас қырғыз,
Кімнің ұлы боласын?!
Атанды сұрасам, кім деймін?
Анаңды сұрасам, кім деймін?
Батыр Қазан мен деймін
Шын сөзіңмен кел деймін,
Қалжын сөзге көнбеймін,
Ашуыма жолықпай
Бурыл ат пен ақ сауыт
Қол тигізбей бер деймін».
Сонда Қоблан сөйледі:
«Бұл жіберіп шығып ем
Базарда алтын қасыққа,

Ат беруге арланам
Сендей дінсіз сасыққа.
Ат алуың қаша ма,
Дем алғанша асықпа!
Келмей жатып ат бер деп,
Қызылбас неден есірді?
Бұл сапарда ен жатқан
Сүйермін деп ек жесірді,
Шыдамасаң бері кел,
Көрсетейін кесірді.
Атасы жаман атасыз,
Атамды сұрап нетесіз?
Анасы жаман анасыз,
Анамды сұрап нетесіз?
Анаң сенің некесіз,
Некесін сұрап нетесіз?
Ашулансам боларсын
Әр кез жарық көргісіз.
Өзіңнің соққан қақпаннан
Зар қылармын жүргісіз.
Қазан деген ерсін сен,
Жөн білмеген серсін сен,
Патшаңнан алған қамқанды
Қан қылмай-ақ шешерсін!
Асқар төбе белсін сен,
Қызылбас деген елсін сен,
Арақ ішіп, нан жесен
Қала ішінде есерсін,
Көкірегінді басайын,
Желденіп көңлің келсең сен.
Қарақасқа тұлпардың
Сауырынан түсерсін!
Мойныңнан аққан жылы қан

Шаман келсе, ішерсін.
Жауға шабар ер жігіт
Жаманнан ақыл сұрамас.
Бетімнен қаһар шығады
Жанбырлы қардай аралас.
Мұсылманның баласы
Өзім өлмей жыламас.
Іздегенім қызылбас,
Аты-тонын әр жерде
Беруші еді сендей нас.
Қылышпенен өлтірсем,
Қиқаладың дерсін сен.
Найзамен өлтірсем,
Миқаладың дерсін сен.
Садақпенен өлтірсем,
Қапыл қалдым дерсін сен,
Мылтықпенен өлтірсем,
Жазым қалдым дерсін сен.
Мінген атың құла ғой
Сендер көп те мен жалғыз,
Қолына келді бір бала,
Білгенінді қыла ғой».
Ел жайлауы Арысты
Батырлар қылды намысты.
Әуелі тәуір сөйлесіп,
Артынан шайтан жабысты.
Шайтан емей немене
Ырғай сапты сүңгіні,
Ырғай, ырғай салысты,
~~Игерісіп тұрысты,~~
Найза қаңға майысты,
Ат тізесін бүгісті
Бүгісе, бүгісе тұрысты,

Тебінгіге тер катып,
Қақырғаны қан татып,
Түкіргені жын татып,
Қақырғанда қан ішті,
Түкіргенде жын ішті,
Қанжарменен қармасты
Семсерменен серместі.
Қанжар қалды қайысып,
Семсер қалды майысып,
Диқан еккен егінді,
Есен алса тегінді,
Қан қабақтан төгілді,
Ерлер жаннан түнілді,
Аш күзендей бүгілді,
Екеуінің ақ сауыт
Шығыршықтан сөгілді.
Сол уақыттар болғанда,
Қазанды аттан төндірді,
Ат көтіне міндірді,
Найзасын ырғап ендірді:
Ту жығылар айшықты,
Ақ денеден қан шықты.
Шауып еді, жан шықты,
Ұлы сәске болғанда,
Ішкі қала тұсында,
Сыртқы қала ішінде,
Ер Қазанның аузына
Қобландыдай батырын
Толтырады балшықты.
Қазан аттан құлады,
Көріп елі жылады,
Шәһәрі байтақ жұртына
Тегіс хабар салады,

Өлігін жиып алады,
Алтын құнақ ақ берен
Шілдедегі бір айда
Көктен түскен самал-ды.
Тура келген ажалға,
Кім табады амалды?
Өлген қолдың басынан
Өткізеді заманды.
Қырық мың атты қызылбас
Алдында қойдай қамалды,
Қамалмасқа бола ма,
Кез қылды құдай қабанды.
Қабанның ойыны жаман-ды,
Қырық мың атты қызылбасқа
Тұтам қылды заманды.
Тоқтата алмай табанды,
Қалаға қайтып кете алмас,
Барайын десе, бата алмас,
Дарбазадан өте алмас,
Қалаға қайтып кете алмас.
Ортөбеден топтанып,
Шиыршық атып шоқтанып,
Қолына бір-бір оқты алып,
Көптігіне мақтанып,
Қазан ханы өлгесін,
Жекпе-жектен тоқталып,
Бірте-бірте жиналды.
Жауды көрген мезгілде
Арыстан туған Қобланды
Жан-жаққа көзін салады,
Қырық мың атты қызылбас
Жалғыздығын білгесін
Енді ортаға алады,

Тұрған жерде қамады
Артық туған Қобланды
Жалғыздығын білгесін,
Қамағанын көргесін,
Жалғыздық айтып жабығып,
Бір тәңірге зарығып,
Сонда тұрып сөйледі:
«Өзі болат, өзі өткір
Бұрынғы ердің найзасы,
Бақ қараған бәнденің
Басында болар айласы,
Алды, артымда таяу жоқ
Қараспан толған көп елдің
Қаніки енді пайдасы?
Мініп шықтым үмітпен
Жолдасым бурыл дөненді,
Көкке тойған көбенді,
Қызылбас қашып, мен қалсам,
Ерлігімді кім айтар,
Қараспанды жайлаған
Қалың Қыпшақ көп елге?
Жар болғай, алла, өзіме,
Шыбын жаным көрінді
Бүгін менің көзіме.
Кәміл пірлер, құлақ сал,
Ауыздан шыққан сөзіме,
Жазым болып мен түссем,
Бір найзадан қан құссам,
Үстімдегі ақ сауыт,
Астымдағы Тайбурыл
Жалғызының исі деп,
Кім апарып көрсетер,
Кемпір, шалдың көзіне?»

Бурылға жаптым көк мауыт,
Сиынған пірім ер Дәуіт
Шабамын көпірге ауыт-ауыт.
Бүгін қанға боялсын
Балғаң тиген ақ сауыт,
Бекітіп соққан ер Дәуіт.
Жауды көріп, қызды арқам,
Қашар ма жаудан мен салқам?
Бүгінгі күні не көріп,
Иманмен өтсем жоқты арман.
Толғамалы ақ сүңгім
Шаншылар майдан күн бүгін.
Бұларға садақ, Бұқар жай
Тартылар майади күн бүгін.
Алтын құндақ ақ берен
Атылар майдан күн бүгін.
Толғамалы ақ сүңгім
Шанша алмасам маған серт!
Қанға тойсаң саған серт!
Бұлғары садақ, Бұқар жай,
Тарта алмасам маған серт!
Бел күшіме шыдамай
Беліңнен сынсаң, саған серт!
Ата алмасам маған серт!
От алмасаң саған серт!
Таямай атса, оқ өтпес,
Шуақ шықса, күн өтпес,
Жаңбыр жауса, су өтпес
Жағасы алтын, жеңі жез,
Бадана көзді ақ сауыт,
Бекітіп соққан ақ Дәуіт,
~~Қалмақтың қалың қолына.~~
Шашақты найза жолынан,

Бұл әскердің өзінен.
Қылышының жүзінен
Тая жүрсем, маған серт!
Ата-анам сүйген ақ денем
Ок дарытсаң, саған серт!»
Қобланды айтып болғасын,
Қиналарын білгесін,
Бауыр жазып Бурыл ат
Шиыршық атып ойнайды,
Батыр туған Қобланды
Ерегіскен жауының
Басын жоймай қоймайды.
Шабайын деп батырын,
Талбойын алды аршындап,
Астындағы Бурылдың
Тасқа тиген тұяғы
Қар кешкендей қаршылдап.
Қатын-қыздар жағады
Қарағайдың шайырын,
Шабайын деп батыр тұр,
Қырылуға көпір тұр,
Алла берсін қайырын.
Алтын қалпақ, жез телпек;
Баса киіп көзіне.
Көп, әлеумет, құлақ сал,
Аузымнан шыққан сөзіме,
Қырық мың атты қызылбас,
Қырық кісідей көрінбес
Батырыңның көзіне.
Тікелеп атқан оқтары
Тікенектей қадалмас,
~~Қоблекеннің жүзіне.~~
Қабағынан қар жауып,

Кірпігіне мұз тонып,
Қатуланып қаттанды,
Буырқанып бұрсанды,
Мұздай темір құрсанды,
Топтанып тұрған кәпірге
Қобланды батыр жол салды.
Жалғыз өзі батырын,
Жойып кетіп барады,
Қойға тиген қасқырдай
Сойып кетіп барады,
Жолбарыс шапқан құландай,
Шоршып кетіп барады,
Үш мың атты бір сайға,
Төрт мың атты бір сайға,
Аламын деп қайтарда
Қойып кетіп барады.
Қайтарында алмаққа
Тізгінінен қосақтап,
Түйіп кетіп барады.
Ақ білегі қан болып,
Тұла бойы сал болып,
Жау үстіне жол салып,
Үкімін жауға мол салып,
Көмегі жоқ сондықтан,
Жаны жаудың қолында,
Туырлықтай ту алып,
Туды қанға суарып,
Қырық мың атты қызылбас,
Әрі-бері қозғалды,
Қырылмағаны аз қалды,
~~Қызылбас қанып жосыпты,~~
Қашқанына қойсын ба?
Батырың алдын тосыпты.

Ықтыярсыз найзалап,
Біріне-бірін қосыпты.
Бөлек-бөлек қылады
Есебі жоқ қырады,
Бірін шауып, біреуін
Қылышпенен ұрады.
Атуымен оқ қалды,
Тартуымен дөп қалды,
Қоблекеннің сүнгісі
Қызыл қанға боялды.
Көбісі тұрып шәрінің
Ұйқысын ашып оянды.
Қашпағанды Қобланды
Алты күн ұдай ұрысып,
Бітіруге таянды.
Үкімін жауға мол салды,
Жетінші күні сәскеде
Жаудың бәрін тауысып,
Ақ найзаға сүйеніп,
Қобланды жалғыз бұл қалды.
Сол қаланың әйелі
Ерлерінен айрылып,
Бәрі де жесір, тұл қалды.
Бұл қырғынға қоймады,
Қоблекен бұған тоймады,
Шәрін тегіс бұзсам деп,
Ат қоймаққа ойлады
Қазанның Қырлы-қалаға.
Қобланды тұрып сиынды
Жеті кәміл бабаға,
Ақ сұңқар құстар шүйіліп,
Ел шығармай салаға,
Мал шығармай далаға,